

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге шаралары және шартты сотталған адамдарға бақылау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 172 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 12 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6053 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 14 наурыздағы № 141 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылады - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.14 № 141 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарына сай қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметін ұйымдастыру мақсатында, «**Әділет органдары туралы**» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағы 3) тармақшасын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге шаралары және шартты сотталған адамдарға бақылау жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

Д. Құсдәулетов

М и н и с т р д і ң

К е л і с і л г е н

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі*

С. Баймағанбетов

2009 жыл 29 желтоқсан

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң м . а .

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 9

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 172 бұйрығымен бекітілген

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге шаралары және шартты сотталған адамдарға бақылау жөніндегі Нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Қылмыстық, Қылмыстық іс-жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалауды атқару мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленген.

2. Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес қылмыстық жазаларды атқару, заңды күшіне енген соттың ұйғарымына, қаулысына сәйкес жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі - ҚАЖ комитеті) Қылмыстық-атқару инспекцияларына басшылық ету басқармасы (бұдан әрі - ҚАИББ), облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша ҚАЖ комитетінің қылмыстық-атқару департаменттерінің (бұдан әрі - ҚАЖ комитетінің ҚАЖКД) қылмыстық-атқару инспекцияларына басшылық ету бойынша бөлімдер, бөлімшелер, топтар, аумақтық қылмыстық-атқару инспекциялары: қоғамнан оқшаулауға байланысты емес қылмыстық жазаларды орындайтын органдар болып табылады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындайтын орган қызметі Қазақстан Республикасында қылмыстық Заңнаманың қатаң сақталуына негізделеді.

5. Қылмыстық-атқару инспекциялары (бұдан әрі - Инспекциялар) қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалау шараларына сотталған адамдарға, соның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сай қылмыстық жазаларды атқаратын қылмыстық-атқару жүйесінің бөлімшесі болып табылады.

6. Инспекцияның негізгі мақсаттары:

1) қоғамдық жұмысқа және түзеу жұмыстарына тарту, белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түрлеріндегі жазалауды орындау;

2) шартты сотталғандар, жазалануы кейінге қалдырылған жүкті әйелдер мен балалары бар әйелдердің мінез-құлқына бақылау жасау;

3) бас бостандығын шектеу түріне жазаланған сотталғандарды тұрғылықты жері бойынша қадағалауды жүзеге асыру;

4) сотталғандар тарапынан жасалатын қылмыстардың және құқық бұзушылықтың алдын-алу;

5) мемлекеттік наградаларды және оған берілетін құжаттарды алып қою;

6) ішкі істер органдары (бұдан әрі - ИО), әділет, прокуратура бөлімшелерімен, жергілікті атқару органдарымен, соттармен және қоғамдық бірлестіктермен, сотталғандар оқитын немесе жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелер және ұйымдардың әкімшілігімен тығыз өзара іс-әрекетті жүзеге асыруды;

7) келесі мәселелерді шешу үшін сотқа ұсыныс жасау: қоғамдық жұмыстардан қасақана жалтарған жағдайда, қоғамдық жұмыстарға тартуды бас бостандығын шектеуге, қамауға алу немесе бас бостандығын айырумен ауыстыру туралы;

түзеу жұмыстарына сотталған адамның жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда, түзеу жұмыстарының өтелмеген мерзімін бас бостандығын шектеуге, қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру туралы;

бас бостандығын шектеуге сотталған адамның жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда, бас бостандығын шектеудегі өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру туралы;

бақылаудан жасырынған және жазасын өтеуден жалтарғанға қатысты іздестіру жариялау мен бұлтартпау шарасын таңдау мәселесін қарай отырып, сынақ мерзімін ұзарту туралы, шартты жазаның күшін жою немесе жазаның қатаң түріне ауыстыру туралы;

жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босату туралы;

бас бостандығын шектеуге сотталған адам үшін бұрын белгіленген міндеттердің толық немесе ішінара күшін жою туралы; қамауда ұсталған мерзімін есепке алу;

кері күші бар қылмыстық заңның, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің жариялануы салдарынан жазадан босату немесе жаза түрін жеңілдету туралы;

қылмыстық-атқару заңнамаларына сәйкес түзеу жұмыстарына сотталған адамның жалақысынан ұстау мөлшерін төмендету туралы;

7. ҚАЖ комитеті құрамындағы ҚАИББ, облыстар және Астана, Алматы қалалары және Алматы облысы бойынша ҚАЖ комитеті ҚАЖД қылмыстық-атқару инспекцияларын басқару бөлімдері, бөлімшелері, топтары:

1) аумақтық Инспекциялардың қызметіне ұйымдық-әдістемелік басшылық пен бақылауды қамтамасыз етеді. Жүйелі түрде жылына кемінде бір рет, ал қажет болса олардың қызметін тоқсанда (ай сайын) бір рет жиілікпен тексереді;

2) практикалық көмек көрсетеді, оң тәжірибені енгізеді және олардың қызметкерлерінің шеберлігін арттыруды ұйымдастырады;

3) Инспекциялар жұмысын талдау негізінде облыстар және Астана, Алматы қалалары және Алматы облысы бойынша ҚАЖ комитеті ҚАЖД басшылығы үшін, ақпараттық-сараптамалық, есептік материалдарды дайындайды;

4) (қайта қылмыс жасағаны үшін) қозғалған қылмыстық іс анықталған сәттен бастап 15 күндік мерзімде ПО қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелерімен бірлесіп сол қылмыстың жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларын анықтап, сондай-ақ ПО және ҚАЖ-дың лауазымды адамдардың кінәсін анықтаумен қызметтік тергеу (тексеріс) жүргізеді. Қажеттілік болған кезде қылмыстың жасалуына ықпал еткен кемшіліктерді жою туралы тиісті мемлекеттік органдарына, мекемелер мен ұйымдардың және әр түрлі меншіктік құрылымдардың басшысына ұсыныс енгізеді.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

8. Аумақтық Инспекциялар:

1) өз қызметін облыстар және Астана, Алматы қалалары және Алматы облысы бойынша ҚАЖ комитеті ҚАЖД бастықтарымен бекітілген тоқсандық жұмыс жоспарлары негізінде ұйымдастырады;

2) сот қаулысы, үкімі, анықтамасы (бұдан әрі - үкім) келіп түскен күннен бастап тәулік мерзімде (демалыс және мейрам күндерді санамағанда) сотталғанды есепке алуды жүзеге асырады;

3) сотталғандармен профилактикалық жұмыс жүргізеді (әкімшілік құқық бұзушылықтар және қылмыстарды, жазаны өтеу жағдайларын бұзуды болдырмау туралы әңгіме өткізу);

4) атқаруға түскен үкімдер бойынша сотпен және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2843 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасының қосымшасына сәйкес сотталғандарға шығарып қойылған алфавиттік есеп карточкасы бойынша (бұдан әрі - Н-1) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің аумақтық басқармаларымен (бұдан әрі - ҚС және АЕКБ) тоқсан сайын салыстыру жүргізіп, бұл туралы екі данадан салыстыру актілері осы Нұсқаулықтың 1, 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жасалады;

5) аумақтық әділет органының құжаттандыру және тіркеу бөлімшесімен қойылған және алынып тасталған күзет карточкалары бойынша тоқсан сайын салыстырып тексеру жүргізіп, бұл туралы екі данада салыстыру актісі осы

Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады;

6) ай сайын ПО қоғамдық қауіпсіздік бөлімімен (бөлімшесімен) есепте тұрған және есептен шығарылған сотталғандардың саны бойынша салыстыру және сотталғандардың қайталап қылмыс жасауын анықтау сипатында ПО кезекші бөлімінің қылмыстар және оқиғалар туралы арыздар мен хабарламаларды есепке алу кітабы бойынша салыстыру жүргізіп, ол туралы (үш данада) салыстыру актісі осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

7) есепте тұрған, жүрген жері белгісіз тұлғаларды іздеу бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді;

8) жеке және бақылау істерінің сақталуына дербес жауап береді;

9) сотталғандарды есептен шығарады;

10) құжаттармен мына операцияларды жүргізеді:
кіріс және шығыс хат-хабар құжаттарын тіркейді;

құжаттардың орындалуын бақылайды;

құжаттарды жедел сақтайды және пайдаланады;

ведомстволық мұрағатта сақтау үшін құжаттарды жолдайды;

11) мөр және мөртабандары болады, олар сейфтерде немесе өртке төзімді металл шкафтарда сақталады;

12) азаматтардың өтініштері қабылданған күні осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шолу мен арыздардың журналына тіркеледі. Өтініштің бірінші бетінде реттік нөмірі және келіп түскен уақыты көрсетілген мөртабан басылады.

13) егер, өтініштерде қылмыстық-жазалау қолданылатын іс-әрекет белгілері көрсетілген жағдайда, Инспекция сол күні қарауға және іс-жүргізу шешімін қабылдау үшін қылмыстық ізге түсу органдарына жолдайды.

Қабылданған шешім туралы жазбаша түрде өтініш берушіге хабарланады және оған қабылданған шешімге шағымдану құқығы түсіндіріледі.

Қ а р а у ғ а ж а т п а й т ы н д а р :

мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қауіп туралы мәліметтер бар және мемлекеттік органдарды құзыреттеріне сәйкес оларға дереу жіберілуге тиіс жағдайларды қоспағанда, иесі бұркемеленген өтініш; мәселенің мәні баяндалмаған өтініш.

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Сотталғандарды Инспекция есебіне қоюды ұйымдастыру

9. Инспекция үкімді ресімдеу кезінде:

1) Үкімінің көшірмесін оның қосымшасымен бірге келіп түскен күні кіріс құжаттарының журналына тіркейді, ал сонан соң сотталған адамның деректерін арнайы нөмірленіп, бауланып мөр басылған есеп журналына (қоғамдық жұмысқа, түзеу жұмыстарына, бас бостандығын шектеу, белгілі бір қызметтерді атқаруға немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдануға тыйым салынған, шартты сотталғандарға, жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру) осы Нұсқаулықтың 6-11-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша енгізеді. Сотталғанның мекен-жайын өзгертуіне байланысты басқа Инспекциялардан және түзеу мекемелерінен келіп түскен жеке және бақылау істерді де осындай тәртіппен тіркейді.

Үкімнің көшірмелерінде жазаны орындауға кедергі келтіретін түсінбеушіліктер, қателер кездескен жағдайда, сотталғандарды есепке алу журналына тіркеместен, үкімді сотқа қайтарады;

2) сотталғанды есепке қою кезеңнен бастап тәулік мерзімде: үкімді шығарған сотқа немесе сотталғанды босатқан түзеу мекемесіне сот шешімінің орындауға қабылданғаны туралы хабарламаны осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдайды;

сотталғанды ПО тиісті есепке қою, бірлескен профилактикалық шаралар өткізу, сондай-ақ Біріктірілген деректер банкісіне енгізу үшін ПО бастығының атына осы Нұсқаулықтың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хабарлама жібереді;

сотталғанға бақылау-мерзімдік карточкасын осы Нұсқаулықтың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырады, екінші данасы Инспекцияның тиісті картотекасына салынады;

сотталғанды тіркеу есебінен шығаруды бақылау және тұрғылықты жерін өзгертуі туралы Инспекцияны ақпараттандыру үшін, күзет карточкасын осы Нұсқаулықтың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырып аумақтық әділет органының құжаттандыру және тіркеу бөлімшесіне тапсырылып екінші данасы картотекаға салынады.

3) үкім көшірмесі тіркелген соң сотталғанға қатысты қосымша мыналарды: қоғамдық жұмыстарына - қоғамдық жұмыстарын өтеп жатқан есепке алу карточкасын осы Нұсқаулықтың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырады (ол есепке алу картотекасына салынады) және қоғамдық жұмыстарын өтеп жатқандарға жеке іс осы Нұсқаулықтың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бастайды;

түзеу жұмыстарына - түзеу жұмыстарын өтеушінің есепке алу карточкасын осы Нұсқаулықтың 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырады, тіркеу парағын осы Нұсқаулықтың 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша және түзеу

жұмысын өтеушіге осы Нұсқаулықтың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша
жеке іс бастайды;

бас бостандығын шектеуге және белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі
бір қызмет түрімен айналысу құқығына айыру түрлеріндегі жазаға
сотталғандарға - бас бостандығын шектеуге және белгілі бір лауазымды иелену
немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығына айыру түрлеріндегі
жазаны өтеушілерге осы Нұсқаулықтың 21, 22-қосымшаларына сәйкес нысан
бойынша жеке іс бастайды;

шартты сотталғандарға осы Нұсқаулықтың 23-қосымшасына сәйкес нысан
бойынша бақылау ісін және осы Нұсқаулықтың 19-қосымшасына сәйкес нысан
бойынша тіркеу парағын бастайды;
жазалануы кейінге қалдыру қолданылған сотталған жүкті әйелдер мен
балалары бар әйелдерге қатысты осы Нұсқаулықтың 23-қосымшасына сәйкес
нысан бойынша бақылау ісін бастайды.

10. Жеке, бақылау істерінің, есептік карточка және бақылау-мерзімдік
карточка нөмірлері үкімнің сотталғандарды есепке алу журналына тіркеу
нөміріне сәйкес болуы тиіс.

11. Жеке, бақылау істері мен картотека жұмыс күні аяқталғаннан кейін
құлыпқа жабылатын және мөрленетін металл шкафта сақталады;

12. Сотталғандардың жеке және бақылау істері екі бөлімнен тұрады:

1-бөліміне есепке қою үшін негіз болатын құжаттар (үкім, ұйғарым, қаулы,
заңды күшіне ену туралы анықтама және соттың өзге де іс-жүргізу бойынша
шешімдері), хабарламалардың көшірмелері, істі зерделеу бойынша тексерушінің
белгілеуге арналған жеке парағы тігіледі;

2-бөліміне – жазаны орындау барысын ұйымдастыру және жүзеге асыруға
қатысты, сипаттамалық құжаттар, сонымен қатар тіркеу парағы тігіледі. Барлық
құжаттар хронологиялық ретпен тігіліп, нөмірленіп тізімдемеге енгізілуі тиіс.

13. Сотталғанды есепке қойғаннан кейін 5 жұмыс күн ішінде Инспекция
әліпбилік есеп карточкасын Н-1 толтырып ілеспе хатпен аумақтық ҚС және
АЕКБ-ға жолдайды, ілеспе хаттың екінші данасы істің бірінші бөліміне тігіледі.

14. Сотталған жазадан босатылған жағдайда немесе оған қатысты үкім
өзгертілгенде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалармен
қарастырылған басқа негіздемелер бойынша есептен шығарылғанда, Инспекция
тиісті құжаттарды қабылдағанынан 5 (жұмыс) күн ішінде аумақтық ҚС және
АЕКБ-ға сотталғанды есептен шығару негіздемесі немесе оған қатысты үкімнің
өзгертілгені туралы толық мәліметтер көрсетілген сотталған туралы
хабарламаны жолдайды. Хабарлама көшірмесі хронологиялық ретпен істің
екінші бөліміне тігіледі.

15. Тұрғылықты жері бойынша Инспекция есебіне қойылған соң сотталған,

әңгімелесуге шақырылады, әңгіме барысында оған жазаны өтеудің тәртібі мен шарттары түсіндіріледі, сонымен қатар бақылаудан жалтарғаны үшін жауапкершілікке тартылатыны түсіндіріледі, оның сауалнамалық деректері, жақын туыстары мен сотталғанға ықпал ету мүмкіндігі бар тұлғалар туралы мәліметтер жинақталады, сондай-ақ оның жүріс-тұрысын бақылау үшін маңызы бар қажетті басқа да мәліметтер анықталады. Әңгіме өткізілгеннен кейін сотталғаннан осы Нұсқаулықтың 24-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тілхат алынып, ол сотталғанның жеке немесе бақылау ісіне біріктіріледі.

3. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқару

16. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны айқындайтын сот үкімі Инспекцияға келіп түскен күнінен бастап он күндік мерзімінен кешіктірілмей о р ы н д а у ғ а а л ы н а д ы .

17. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны жүзеге асыру кезінде И н с п е к ц и я :

1) жылдың соңында аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарынан алдағы жылға қоғамдық жұмыстардың объектілерін сұратады;

2) сотталғанның тұрғылықты жері бойынша қоғамдық жұмыстарды орындау үшін нақты ұйымға осы Нұсқаулықтың 25-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдама-анықтама беріледі, олардың тізімін қылмыстық-атқару инспекцияларымен келісілген соң тоқсан сайын жергілікті атқару органдарымен (облыстық маңызы бар қалалар, республикалық маңызы бар қаладағы (астана) аудан әкіміне, аудандық маңызы бар қалалар) соттарға ұсынылады.

18. Жолдама-анықтамада сотталғанның сауалнамалық деректері, оның тұрғылықты жері мен негізгі жұмыс (оқу) орны, оның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қандай бабы бойынша сотталғаны, қоғамдық жұмыс мерзімі (сағаттармен), Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 32-бабына сәйкес оның есептелу тәртібі, жұмыс беруші - ұйым әкімшілігінің міндеттері (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 33-бабы) к ө р с е т і л д і .

19. Ұйым әкімшілігі шұғыл түрде шығарылған бұйрықтың куәландырылған көшірмесін немесе оның үзіндісін Инспекцияға жолдайды, ал ол өз кезегімен заңмен белгіленген мерзімде орындалу туралы үкім шығарған сотқа хабарлайды.

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған адамдардың еңбегін ұйымның пайдалануы өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Сотталған адамдар орындаған жұмыстың көлемі мен құны ұйымда қолданылып жүрген бағалау бойынша бөлек есептеледі және есептелген ақшалай қаражат тиісті бюджетке а у д а р ы л а д ы .

20. Сотталғанның жеке ісінде 12-тармақта көрсетілген құжаттамалардан басқа ұйымға жолдама-анықтаманың көшірмесі, қоғамдық жұмыстарын орындау үшін жұмысқа қабылдау туралы ұйым бұйрығының көшірмесі, істелінген жұмыс уақытын есептеу табелі, ақшалай төлемінің тиісті бюджетке аударылғандығы туралы төлем тапсырмасының көшірмесі және басқа да құжаттар (соның ішінде, хабарламалар, ілеспе хаттар т.б.) сақталады.

21. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған тұлғалар, арнайы дайындықты қажет етпейтін аумақты абаттандыруға байланысты және тағы басқа сондай қоғамдық-пайдалы жұмыстарға тартылады.

22. Қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жазаны өтеуші тұлғалар жаза өтеудің белгіленген тәртібін және шарттарын сақтауға, адал еңбек етуге, оларға белгіленген объектілерде еңбектенуге, тұрғылықты жерін өзгерткені туралы Инспекцияға уақтылы хабарлауға және оның шақыруы бойынша келуге тиісті.

23. Сотталғанның тарапынан жаза өтеудің тәртібі және шарттары бұзылған жағдайларда, Инспекция осы Нұсқаулықтың 26-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша ескерту шығарады, онымен сотталған адам қолын қойып танысады, сонан соң ол жеке іске тігіледі.

24. Егер де қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу кезінде қосымша жұмыстар мен қоса атқарылатын жұмысты атқару сот шешімінің ойдағыдай орындалуына кедергі жасайтын болса, сотталған ол жұмыстарды тоқтатуға тиіс. Сонымен қатар, сотталғанның өтініші бойынша жазаны өтейтін жердегі ұйымның әкімшілігі Инспекция келісімі бойынша жұмыс немесе қоса атқарылатын жұмыс істеуге мүмкіндік беретіндей қоғамдық жұмыстарды орындау кестесін белгілей алады.

25. Қоғамдық жұмыстарға сотталған адамның жаза өтеуі кезінде Инспекцияны алдын-ала хабардар ете отырып, тұрғылықты жерін ауыстыра алады.

Сотталғанның жаңа тұрғылықты жеріндегі Инспекциямен сұрау хатты алғаннан кейін, Инспекция ұйым әкімшілігіне сотталғанды жұмыстан босату туралы ұсыныс, ал жеке істі және есептік құжаттарды сотталғанның жаңа тұрғылықты жеріндегі Инспекцияға жолдайды.

Жеке істі және есеп карточкасын сотталғанның жаңа тұрғылықты жеріндегі Инспекция қабылданғаны туралы растаманы жолдайды және сотталғанның жаңа тұрғылықты жері бойынша қоғамдық жұмыстарды орындау үшін сотталғанға қайталап нақты ұйымға жолдама-анықтама береді.

Егер тұрғылықты жерін ауыстыру кезінде ол тұратын аудан (қала) өзгермеген болса, сотталған адам бұрынғы Инспекциясының есебінде қалады.

26. Сотталғанның жеке ісі, қоғамдық жұмыстарды өтеуші адамдарды есепке алу журналы, есепке алу карточкасы дербес есепке алу құжаттары болып

табылады. Сотталғанды дербес есебі жедел, бақылау және іздеу есебіне бөлінеді.

27. Жедел есепте, қоғамдық жұмыс түріндегі жазаны нақты өтеуші адамдар
т ұ р а д ы .

28. Бақылау есебінде:
жаза өтеуден орынды себептерсіз жалтарушы адамдар;
қоғамдық жұмыстарды жазаның басқа шараларымен алмастыру үшін
олардың жеке істері сотқа жіберілген адамдар;
әкімшілік ықпал ету шарасы ретінде тұтқынға алынған адамдар;
10 календарлық күн ішінде олардың тиісті ұйымдарға келуі туралы растау
қағазы (бұйрықтардың расталған көшірмелері) келіп түспегенде;
осы жазаны өтеудің басталуы Нұсқаулықтың 34-тармағындағы 1)
тармақшасында көрсетілген дәлелді себептері бойынша кейінге қалдырылғандар;
қайта қылмыс жасауына байланысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауда
б о л а т ы н а д а м д а р ;
ауруына байланысты жұмыс істемейтін және жұмыс ұсынылмағандар;
сотпен 1 немесе 2-топтағы мүгедек деп танылған адамдар;
осы Инспекция қызмет көрсететін аумақтың шегінен шығып кеткен адамдар,
олардың жеке істерін қабылдау туралы растау қағаз келіп түспегендер;
еңбекке жарамдылығы немесе созылмалы сырқаттарының болуын анықтау
үшін медициналық куәландыруға жіберілген адамдар тұрады.

29. Іздеу салынғандардың есебінде сотпен ресми түрде іздеу жарияланған
с о т т а л ғ а н д а р т ұ р а д ы .

30. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза мерзімі сотталған адамның
қоғамдық жұмыстарды орындаған сағаттары бойынша есептеледі. Қоғамдық
жұмыстардың уақыты сотталған адамның демалыс күндері мен негізгі жұмыстан
немесе оқудан бос болған кезде төрт сағаттан, ал жұмыс күндері - жұмыс немесе
оқу аяқталғаннан кейін екі сағаттан, ал сотталғанның келісімі бойынша - төрт
сағаттан аспауы тиіс. Егер сотталғанның тұрақты жұмыс орыны болмағанда –
күніне сегіз сағатқа дейін, бірақ жұмасында 40 сағаттан аспайды. Орынды
себептері болған кезде Инспекция сотталғанға апта ішінде саны аз сағат жұмыс
і с т е у г е р ұ қ с а т б е р е д і .

31. Сотталғанға оның негізгі жұмысы немесе оқу орны бойынша жыл
сайынғы берілетін демалыс немесе каникул кезеңінде жазаны орындау
т о қ т а т ы л м а й д ы .

32. Қоғамдық жұмыстардың уақыты жалпы, үздіксіз арнайы еңбек өтіліне
қосылмайды, еңбек кітапшалары толтырылмайды.

33. Ұйым әкімшілігінің сотталғанды жіберген Инспекциядан
жолдама-анықтамасын алған күні қоғамдық жұмыстарды өтеу мерзімінің
б а с т а л у ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

34. Бір қатар дәлелді себептер болғанда, Инспекция:

1) жазаны атқарудың басталуын мынадай жағдайларда кейінге қалдыруға: сотталғанның медициналық тексеру арқылы расталған еңбекке уақытша қабілетсіздігі кезінде;

сотталғанның дәлелді себептерімен тұрақты тұрғылықты жерінен уақытша шығып кеткен кезінде (әскери жиындарға тарту, жақын туысқандарының ауыр сырқаты немесе қайтыс болуы);

сотталған адамның жаза өтейтін ұйымы жұмыспен уақытша қамтамасыз етілмеген кезде кейінге қалдыруға;

2) мынадай жағдайларда: сотталған адам сырқаттанғанда; сотталған адамға жұмыс көлемі ұсынылмағанда; сотталған адам құқық бұзған үшін әкімшілік тұтқында болғанда; жаңа қылмыс жасауына байланысты сотталған адам алдын ала қамау орындарында болғанда;

әр түрлі себептерге байланысты сотталған адам қоғамдық жұмыстарға шықпағанда, жазаны атқаруды тоқтатуға құқылы.

Жазаның орындалуын тоқтату және кейінге қалдыруы, қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазасының орындалуының басталуын тоқтату (кейінге қалдыру) туралы осы Нұсқаулықтың 27-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Инспекция қаулысымен рәсімделеді.

35. Сотталғанның жаза өтеу орнына бару және кері қайту жолының уақыты еңбек туралы заңдармен осы уақыттың жұмыс уақыты ретінде төлену қарастырылған жағдайлардан басқа кездерде қоғамдық жұмыстардың ұзақтығына қосылмайды.

36. Ұйым әкімшілігі сотталғанды іссапарға жібере алмайды.

37. Сотталған адам медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша 1 немесе 2-топ мүгедегі деп танылған жағдайда Инспекция сотқа оны бұдан әрі жаза өтеуден босату туралы ұсынымхат осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жібереді.

38. Сотталған әйел жаза өтеу кезеңінде жүкті болған жағдайда Инспекция сотқа жаза өтеуді кейінге қалдыру туралы ұсынымхат осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдайды. Сонымен қатар, бұл ретте ұсынымхатпен бірге сотталған әйелдің жүктілігі мен босануына байланысты жұмыстан босатылған мерзімі көрсетіле отырып оның жұмыс орны берген анықтама, тұрғылықты жерінен және медициналық мекеме анықтамасы жіберіледі.

39. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған адамдардың еңбегін пайдаланушы ұйымның әкімшілігі:

1) сотталғандардың оларға белгіленіп берілген жұмыстарды орындауына
б а қ ы л а у ж а с а й д ы ;

2) сотталғандардың орындаған жұмыстары үшін тиісті бюджетке ай сайын
қ а р ж ы а у д а р а д ы ;

3) ай сайын Инспекцияға сотталған адамның жұмыс істеген саны туралы хабардар етеді. Әкімшіліктің сотталған адамдар жұмысына тікелей бақылау жасайтын өкілі жүргізетін және мөрмен расталатын табель осы Нұсқаулықтың 29-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сотталған жұмыс істеген уақытын есепке алу нысаны болып табылады. Күніне әрбір сотталғанның жұмыс істеген сағаттардың нақты саны, табельде ай сайын белгіленіп отырады;

4) Инспекцияны сотталғандардың жаза өтеуден жалтарғаны туралы хабардар
е т е д і .

5) сотталған жазасын өтеген соң Инспекцияға ол туралы хабарлама-анықтама жібереді және белгіленген жұмыс мерзімінің бітуіне байланысты сотталғанды жұмыстан босатып Инспекцияға жұмыстан босату бұйрығының көшірмесін
ж о л д а й д ы .

40. Қоғамдық жұмыстарды өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу:

1) сотталғанның инспекцияға есепке тұруға келмеуі;

2) сотталғанның көрсетілген мерзімде Инспекция жіберуі бойынша қоғамдық жұмыстарды орындауға кірісуден бас тартуы;

3) үш күн бойы дәлелді себептерсіз қоғамдық жұмыстарға шықпауы;

4) сотталғанның қоғамдық жұмыстарды өтеп жүрген ұйымның ішкі тәртіп
е р е ж е л е р і н б ұ з у ы ;

5) еңбек тәртібін бұзуы;

6) Инспекцияға өзінің тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарламауы
б о л ы п т а б ы л а д ы .

41. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуден қасақана
ж а л т а р у ш ы :

1) қоғамдық жұмыстарға дәлелді себептерсіз бір ай ішінде кемінде екі реттен көп шықпаған (жазаны өтеу басталған күнінен бастап немесе қоғамдық жұмыстарға шықпауының бірінші күнінен бастап есептелетін бір айдың ішінде қоғамдық жұмыстар орнына екі және одан да көп рет келмеу);

2) еңбек тәртібін бір айдың ішінде екі реттен көп бұзған (жұмыс орнында алкогольдік, есірткілік, немесе уыттық мас күйде болу, қоғамдық жұмыстарды орындамау, жұмыстан өз еркімен кету, жұмысқа шықпау);

3) жаза өтеуден жалтару мақсатында жасырынушы сотталған болып
т а б ы л а д ы .

42. Сотталған жаза өтеуден қасақана жалтарған жағдайда, Инспекция Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабы 2-бөлігіне сәйкес

қоғамдық жұмыстарды басқа жаза түрлерімен ауыстыру туралы ұсынымхатты осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сотқа жібереді.

Жаза өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзған үшін соңғы бұзу анықталған күнінен бастап он бес күн ішінде қоғамдық жұмыстарды ауыстыру туралы ұсынымхат сотқа жіберіледі.

Инспекция сотқа қоғамдық жұмыстарды басқа жаза түрлерімен ауыстыру туралы дәйекті және дәлелді ұсынымхаттан басқа келесі құжаттарды: сотталғанның өзі жазған жазбаша түсініктемесі қоғамдық жұмыстарды өтеу орнындағы ұйым әкімшілігінің мінездемелік құжаттамалары мен анықтамасы, сотталғанға әкімшілік және тәртіптік шаралар қолдану туралы мәліметтер; сотталғанның жеке ісі сияқты қосымша құжаттардың көшірмесі жолданады.

4. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару

43. Инспекцияға үкімнің көшірмесімен бірге соттың тиісті өкімі келіп түскен күнінен бастап он бес күндік мерзімінен кешіктірілмей түзеу жұмыстарына шығарылған үкімнің орындалуына енгізіледі.

44. Үкім өзгертілген жағдайларда заңда белгіленген тәртіппен сот үкімінің көшірмесіне мыналар қосылады:

1) үкім өзгерген кезде - кассациялық немесе қадағалау инстанциясы ұйғарымның, қаулының көшірмелері;

2) бас бостандығынан айырудың өтелмеген мерзімі түзеу жұмыстарымен алмастырылған ретте - сот ұйғарымының көшірмесі;

3) бас бостандығынан айырудың кешірім жасау ретімен түзеу жұмыстарына алмастырылған ретте ұйғарымының көшірмесі.

45. Бас бостандығынан айырудың өтелмеген мерзімі түзеу жұмыстары түріндегі жазалармен алмастырылған сотталғандар қамаудан босатылады.

Түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғанға есепке тұру үшін бару және келу уақыты көрсетілген жазаны өтеу орнына шығу туралы нұсқаманы береді.

46. Инспекция қажет кезінде жұмысы жоқ сотталғандарды жұмыспен қамсыздандыру Орталықтарына бағыттайды.

47. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны сотталғандардың негізгі жұмыс орны бойынша Инспекциялар жүзеге асырады.

48. Түзеу жұмыстарына сотталғандарға құжаттарды рәсімдеп, Инспекция сол күні сотталғанның жұмыс орнын алдын ала нақтылап, осы ұйымның әкімшілігіне хабарлама, ұйғарым және үкімнің көшірмесін осы Нұсқаулықтың 30-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдайды.

49. Түзеу жұмысына сотталғандар жазасын өздері сотталғанға дейін жұмыс істеген ұйымда өтейді. Инспекция әр тоқсан сайын ұйымдардан сотталғандарды

көтермелеу және жазалау туралы мәліметтерді алады. Аталған адамдарды басқа қызметке немесе жұмысқа ауыстыру немесе босату тек қана Инспекциямен келісім бойынша жүргізіледі.

Рұқсат, жұмыстан босау себептерін негізділігін тексергеннен кейін беріледі. Жұмыстан босауға рұқсат беруден бас тартылу жазбаша түрде дәлелденуге тиіс. Жұмыстан босауға рұқсат беруді немесе рұқсат бермеуді осы Нұсқаулықтың 31-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады. Бас тарту туралы қабылданған шешімді белгіленген заң тәртібімен шағымдалуы мүмкін.

50. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі түзеу жұмыстарына тағайындалған қосымша жазаны сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша инспекциялар атқарады.

51. Дербес есепке алу түзеу жұмыстары түріндегі жазаның атқарылуын қамтамасыз етуге, барлық сотталғандарды еңбекпен қамтуға, олардың еңбекақыларынан ұстап қалуды дұрыс жүргізуге, заңдарда көзделген жағдайларда адамдарды жазадан уақтылы босатуға жәрдемдесуге тиіс.

Дербес есеп құжаттары мыналар болып табылады: түзеу жұмыстарын өтеуші адамдарды есепке алу журналы, есепке алу карточкасы және жеке ісі.

52. Түзеу жұмыстарына сотталғандар дербес есептің мынадай түрлерінің бірінде тұрады: жедел, бақылау, ізделушілер есебі.

53. Жедел есепте мынадай адамдар тұрады: еңбекақысынан мемлекет кірісіне ұстап қалу жүргізілетін түзеу жұмыстарына сотталғандар;

қосымша және жыл сайынғы ақы төленетін демалыстарда жүргендер; ауыр сырқатына, ақыл-есі бұзылуына байланысты жазасын өтеу кейінге қалдырылғандар, сондай-ақ жазасын өтеу жүктілігіне байланысты кейінге қалдырылған сотталған әйелдер;

түзеу жұмыстарын бас бостандығын шектеумен, қамауға алумен немесе бас бостандығынан айырумен алмастыру үшін, сондай-ақ ауыр сырқатына, ақыл-есінің бұзылуына немесе мүгедектігіне байланысты одан әрі өтеуден босату туралы соттарға мәлімдемелер енгізілген адамдар.

54. Бақылау есебінде есепке қойылған күнінен бастап 15 календарлық күн өткенге дейін жұмысқа кірмеген адамдар тұрады:

жазасын өтеп жүрген уақытта бұрынғы жұмыс орнынан босатылған және жаңа жұмысқа кірмеген немесе жұмыстан босатылған күнінен бастап 15 календарлық күн ішінде тіркеу бар бола тұрып жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген;

егер сырқаттану уақыты түзеу жұмыстарын өтеу мерзіміне есептелмесе, сырқатына байланысты жұмыс істемейтін;

Инспекция қызмет көрсететін аумақтан тыс жерлерге кеткен, олар жөнінде

жеке істерінің алынғаны туралы растау келіп түспегендер;
басқа қылмыс жасауына байланысты тыйым салу шарасы тәртібімен
т ұ т қ ы н д а о т ы р ғ а н ;
әкімшілік жауапкершілікке тартылуына байланысты қамауда ұсталатындар;
маскүнемдіктен, есірткіқұмарлық пен уытқұмарлықтан ауруханада емделіп
ж а т қ а н .

55. Изделушілер есебінде өздері жөніндегі материалдар сотқа берілген
а д а м д а р т ұ р а д ы .

56. Түзеу жұмыстарының мерзімі сотталған жұмыс істеген және соның ішінде
оның еңбекақысын ұстап қалу жүргізілген жылдармен және айлармен есептеледі.

Сотталған жұмыс істеген күндер саны сот белгілеген жаза мерзімінің әр
айына тұстас келетін жұмыс күндерінің санынан кем болмауға тиіс.

Егер сотталған аталған күндер санын өткермесе және өткерілмеген күндерді
жаза мерзіміне есептеу үшін Қылмыстық-атқару кодексінде белгіленген негіздер
болмаса, түзеу жұмыстарын өтеу сотталған тиісті жұмыс күндері санын толық
өткергенге дейін жалғастырылады.

57. Түзеу жұмыстарын өтеу мерзімінің басы сотталған жұмыс істейтін ұйым
әкімшілігінің Инспекциядан сот үкімінің, қаулысының көшірмесін алған күні
б о л ы п т а б ы л а д ы .

58. Сотталған жұмыс істеген және оның еңбекақысынан ұстап қалу
жүргізілген уақыттан басқа түзеу жұмыстарын өтеу мерзіміне сол сияқты
м ы н а л а р е с е п т е л е д і :

1) сотталған дәлелді себептермен жұмыс істемеген уақыт, бұл мерзімге сол
сияқты сотталған ресми түрде жұмыссыз болып танылған уақытта есептеледі;

2) жұмыс уақытын жинақтап есепке алу қолданылатын ұйымдарда жұмыс
істейтін сотталғандарға жазаны өтеу мерзімі жұмыс сағаттарының белгіленген
санынан аспайтын есепке алу кезеңіндегі жұмыс уақытының ұзақтығына қарай
е с е п т е л е д і .

59. Жазаны өтеу мерзімінде есептелмейді:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 38-бабының 3-
тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өтеу барысында сотталған
ж ұ м ы с і с т е м е г е н у а қ ы т ;

2) ішімдікпен, есірткілік және уыттылық мастанумен байланысты немесе
сонымен байланысты әрекеттерден туындаған сырқаттану уақыты;

3) әкімшілік қамау уақытын өтеу, сондай-ақ жазасын өтеу кезеңінде басқа
қылмыстық іс бойынша тыйым салу шарасы тәртібімен қамауда болу уақыты.

Түзеу жұмыстарын өтеу мерзімінің саналуы немесе саналмауы осы
Нұсқаулықтың 32-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Инспекция қаулысымен
р е с і м д е л е д і .

60. Медициналық немесе медициналық әлеуметтік сараптау комиссиясының қорытындысы бойынша сотталған адам 1 немесе 2-топтағы мүгедек деп танылған жағдайда немесе ақыл-есінің бұзылуына байланысты сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден мерзімінен бұрын осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша босату туралы ұсыным енгізіледі.

61. Сотталған әйелдің жазасын өтеу кезеңінде аяғы ауырлаған жағдайда Инспекция сотқа жүктілігі мен босануына байланысты демалыс берілген күнінен бастап жазасын өтеуді кейінге қалдыру туралы осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсыным жібереді. Бұл ретте сотқа ұсынымымен бірге: сотталған әйелдің жұмыс орнынан жүктілігі мен босануына байланысты жұмыстан босатылған күні көрсетілген анықтама, тұрғылықты жерінен анықтама жіберіледі.

62. Зейнет демалысына шыққан және жұмысты тоқтатқан адам жөнінде инспекция үкімнің одан әрі атқарылуы туралы мәселені шешу үшін сотқа жүгінеді.

63. Сотталғандардың еңбекақысына сот үкімімен белгіленген мөлшерде ұстап қалу жүргізіледі. Түзеу жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалу жүргізудің басы болып жазаны өтеу мерзімінің басталған күні саналады.

64. Ұстап қалу жалақы төлеу кезінде әрбір жұмыс істелген ай үшін атқару құжаттары бойынша, сотталушыға талаптардың болуына қарамастан, негізгі жұмыс орны бойынша жалақының барлық түрінен жүргізіледі.

Ұстап қалу әрбір жұмыс істеген ай үшін айдың екінші жартысына еңбекақы төленген кезде, ал жұмыстан босатылған кезде айдың жұмыс істелген бөлігі үшін жүргізіледі.

65. Инспекция, сотталғанның өзі немесе ол жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі оның материалдық жағдайы нашарланған жағдайда еңбекақысынан ұстап қалудың мөлшерін төмендету туралы сотқа өтініш бере алады. Ұстап қалу мөлшерін төмендету туралы шешім сотталғанның барлық табыстарын ескеріп шықарылады.

66. Әскери оқуға шақырылған сотталғандардың жұмыс орны бойынша төленетін еңбекақысынан ұстап қалу жүргізіледі.

67. Ұстап қалу жүргізілген кезде сотталғанның еңбекақысының ақшалай және заттай бөлігі ескеріледі. Бұл ретте табыстың заттай бөлігі ұйымның билік етуіне қалдырылады, ал оның мемлекеттік сатып алу (нарықтылық) бағасы бойынша құны мемлекет кірісіне аударылады. Табыстың олардан заттай бөлігін ұстап қалу оның келіп түсуіне қарай және түпкілікті есеп айырысу кезінде жүргізіледі.

68. Ай сайын еңбекақы есептелмейтін және еңбек ақысы белгілі бір кезеңінің (жылдың, маусымның, рейстің, жұмыстың белгілі түрін аяқтаудың) қорытындылары бойынша айқындалатын тұлғалардан ұстап қалу еңбекақы

есептелуіне қарай жүргізіледі. Түпкілікті есеп айырысу сотталғанның өткен жылдағы табысы туралы салық пен қаржы органдарының деректері ескере отырылып жүргізіледі.

69. Мыналардан ұстап қалу жүргізілмейді:

1) сотталғандар әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру тәртібімен алатын зейнетақылар мен жәрдемақылардан;

2) еңбекақы жүйесінде көзделмеген біржолғы сипаттағы төлемдер мен сыйақылардан (соның ішінде пайдаланылмаған демалысы үшін берілген өтемақылар).

70. Сотталғанның уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы оның еңбекақысынан сот үкімімен белгіленген мөлшердегі ұстап қалу шегеріле отырып есептеледі.

71. Ұстап қалған сомаларды ай сайын еңбекақы берілген күні сотталған жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі мемлекеттік кірісіне аударады.

72. Төлем тапсырыстарымен бір мезгілде банк мекемесіне жүргізілген ұстап қалу бойынша есептеу мәліметтері осы Нұсқаулықтың 33-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жіберіледі. Есептеу мәліметтері төлем тапсырысының бетінде де, сол сияқты сырт жағында көрсетіледі.

73. Инспекциялар ай сайын есепке алу карточкалары бойынша ұстап қалған сомалардың дұрыстығы мен уақтылы келіп түсуін тексереді және әрі жөнсіздіктер анықталғанда оларды жою үшін шаралар қолданады.

74. Ұстап қалған ақша мезгілінде аударылмаған жағдайда Инспекция аударым жасау жөніндегі мәселені шешу үшін аударылған ұстап қалу сомасын даусыз (акцептсіз) есептен шығару туралы талап-арызбен сотқа немесе сот шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыратын прокуратура органдарына жүгіне алады.

75. Инспекция кем дегенде тоқсанда бір рет сотталғандардың еңбекақыларынан ұстап қалудың дұрыстығын тікелей олардың жұмысы бойынша тексереді. Тексеру нәтижелері туралы осы Нұсқаулықтың 34-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі дана етіп жасалады, оның бірі ұйымда, ал екіншісі ұйым әкімшілігі өкілінің актімен танысқаны туралы белгісімен Инспекцияда сақталады және анықталған кемшіліктердің жойылуын бақылау үшін пайдаланылады.

76. Сотталғанның жұмысы оның еңбекақысы және жүргізілген ұстап қалу туралы есептеу мәліметтері бұрмаланып табыс етілген жағдайларда Инспекция бұл жайында прокуратураға жазбаша түрде хабарлайды.

77. Сотталғандардың еңбекақысынан ұсталған сомалардың аударылуы және жұмыс істеген күндер саны туралы мәліметтер арнайы істерге тігілетін төлем тапсырмаларының көшірме мен есеп-айырысу мәліметтер негізінде олардың

есепке алу карточкаларына енгізіледі, ал сотталғандардың есепке алу карточкаларында осы құжаттар іске тігілген реттік нөмірге сілтеме жасалады.

78. Істің тоқталуымен сот үкімінің күші жойылған немесе ол өзгертілген жағдайларда сотталғанның еңбекақысынан артық ұсталып алған сомалар оған толығымен қайтарылады. Қайтару үшін қадағалау инстанциясының үкімінің күшін жою және істі тоқтату немесе үкімді өзгерту туралы ұйғарымы, қаулысы негіз болып табылады. Ұсталып қалған сомаларды қайтару оларды жергілікті бюджет қаражатынан банк мекемелері арқылы аударым жасау жолымен жүргізіледі. Егер жазадан босатылған адам осы кезде жұмыс істемейтін немесе басқа жерде жұмыс істейтін болса, аталған соманы бұл адамға қайтару почта арқылы жүргізіледі.

79. Жазаның мерзімі аяқталған күні Инспекция сотталғанның жұмыс орны бойынша оның түзеу жұмыстарын өтегені туралы хабарлау осы Нұсқаулықтың 35-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жібереді және ұйымның әкімшілігіне оның еңбекақысынан ұстап қалуды тоқтатуды ұсынады. Сотталған басқа негіздер бойынша босатылған кезде ұйым әкімшілігі тиісті құжаттар алынғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей хабардар етіледі. Сотталғанға жазаны өтегені туралы немесе одан босатылғаны туралы анықтама осы Нұсқаулықтың 36-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

80. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу:

- 1) қылмыстық-атқару инспекцияға орынды себептерсіз келмеу;
- 2) жазбаша ескертуден кейін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 37-бабымен белгіленген міндеттерін бұзу;
- 3) жұмыста болмау немесе жұмысқа ішкілікпен есірткімен немесе уытпен мастанған күйінде келу болып табылады.

81. Тәртіп бұзушылықтардың 80-тармағында аталған кез келген тәртіп бұзу үшін оған екі мәрте жазбаша ескерту жарияланғаннан кейін жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын қайталап бұзуға жол берген сондай-ақ тұрғылықты жерінен бой тасалаған, жүрген жері белгісіз сотталған түзеу жұмыстарын өтеуден қасақана жалтарушы болып танылады.

82. Тәртіп бұзушылықтың осы 80-тармағында аталған кез-келген тәртіп бұзу анықталғаннан кейін 15 календарлық күн ішінде Инспекция мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

- 1) сотталғанды Инспекцияға шақырады, тұрғылықты жері бойынша оған барады және одан жол берілген тәртіп бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, қажет болған жағдайда жазасын өтеудің белгілі тәртібі мен шарттарын сақтамауының объективті себептерінің болуын растайтын құжаттарды талап етеді;

- 2) сотталғанмен жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын сақтау, қайталап

бұзушылыққа жол бермеу қажеттігі туралы алдын алу әңгімесін өткізеді, бұл туралы анықтама жасайды.

3) Сотталғанның орынды себептері болмаған жағдайда оған түзеу жұмыстарының жазаның басқа түрімен алмастырылу мүмкіндігі туралы жазбаша ескерту осы Нұсқаулықтың 26-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасайды.

83. Жазасын өтеуден қасақана жалтарған сотталғандар жөнінде Инспекция Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабының 4 бөлігіне сәйкес сотқа түзеу жұмыстарын жазаның басқа түрімен алмастыру туралы ұсыным осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жібереді.

Ұсынымда сотталғанның жазасын өтеуден жалтаруының нақты фактілері көрсетіледі: жұмыста болмауының саны, жұмыстан босатылғаннан кейін қандай уақыт ішінде ол жұмысқа кірген жоқ немесе жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға есепке тұрған жоқ, Инспекцияға шақыру бойынша орынды себептерсіз келмегені, белгіленген мінездері қандай бұзушылыққа жол берді, оған жұмыс орны, тұрғылықты жері бойынша және Инспекция тарапынан қандай ықпал ету шаралары қолданылды, оларға ол қалай құлақ асты, сондай-ақ салынған жазалары мен алып келулердің болуы. Ұсынымға сотталғанның жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездеме, сотталғанның түсініктемесі және басқа да құжаттар қоса беріледі.

84. Жүрген жері белгісіз сотталған жөнінде ұсынысты оның жазасын өтеуден жалтару мақсатымен бой тасалағаны туралы қолда бар мәліметтер және бастапқы іздеу іс-шараларының нәтижелері көрсетіледі.

85. Жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін түзеу жұмыстарын алмастыру туралы ұсыным сотқа қайталап тәртіп бұзушылық анықталғаннан кейін 15 календарлық күн ішінде, ал тұрғылықты жеріне бой тасалаған адамдар жөнінде бастапқы іздеу шаралары жүргізілгеннен кейін жіберіледі.

86. Тұрғылықты жерінен бой тасалаған, жүрген жері белгісіз сотталған жөнінде Инспекция осы Нұсқаулықтың 12-тарауына сәйкес іс-шараларды жүзеге асырады және сотқа оны іздеуге жариялау туралы осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсыным енгізеді.

87. Сот түзеу жұмыстарын басқа түрімен алмастырудан бас тартқан жағдайда осы мәселе бойынша қайталап ұсыныс беру сотталғанның жаңа 80-тармағында аталған жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзудың кез келгенін жасағаннан кейін енгізіледі.

5. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау

88. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның мерзімі Инспекция үкімді орындауға қабылдаған сәттен бастап есептеледі.

89. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтейтіндерге қадағалауды Инспекция жүзеге асырады және олардың тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша, жұмыстан бос уақытында сотталғандарға қадағалау мен бақылау қамтамасыз етіледі.

90. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтейтіндерге қадағалау:

1) қоғамдық тәртіп бұзушылыққа ықпал ететін әкімшілік құқық бұзушылықты және жаңа қылмыс жасағанды, әкімшілік шараға немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын анықтауына ішкі істер органдарының қолда бар есептері бойынша сотталғандарды ай сайынғы тексеріспен;

2) сотталғандармен тәрбиелеу және алдын-алу әңгімелерін жүргізу үшін сотталғанды Инспекцияға шақыртылуымен (айына бір реттен кем емес), және олардың туысқандарымен, сондай-ақ сотталғанға әсер етуі мүмкін адамдармен әңгімелер жүргізу үшін олардың тұрақты мекен жайына келумен;

3) сотталғандардың мінез-құлқына қатысты және олардың сот жүктеген міндеттерін сақтауына, бірлескен алдын-алу іс-шараларын жүргізуге қатысты ақпаратпен құқық қорғау және басқа да органдармен және мекемелермен алмасуымен қамтамасыз етіледі.

91. Инспекциялар бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталғандардың жеке есебін жүргізеді.

Жеке есеп құжаттары мыналар болып табылады: сотталғанның жеке ісі, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өткеріп жатқан адамдар есебінің журналы, ұяшықтары бар есеп картотекасы.

Картотеканың мынадай бөлімдері болады:

1) бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдар;

2) жазасын өтеуден себепсіз бас тартқан адамдар;

3) оларға қатысты бас бостандығынан айыруға ауыстыру үшін жеке істері сотқа жіберілген адамдар;

4) әкімшілік қамауда отырған адамдар;

5) олардың қайталап қылмыс жасауларына байланысты жолын кесу шарасы ретінде күзетуде отырған адамдар;

6) оларға қатысты жеке істерін алғаны туралы растама түспеген осы Инспекция қызмет көрсететін қатысты аумақ шегінен тыс кеткен адамдар;

7) сот ресми іздеу салған адамдар.

92. Бас бостандығынан шектеу түріндегі жазаны белгілейтін сот үкімі Инспекцияға келіп түскен күннен бастап орындалады.

93. Бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазамен ауыстырылған сотталғандарға қатысты түзеу мекемесінің әкімшілігі алдынала Инспекцияға сотталғанды жібергендігі туралы хабарлама мен сот қаулысын жібереді.

Оны босатқан кезде оған жазаны орындау орнына көрсетілген маршрутпен және есепке алу үшін Инспекцияға жету уақыты туралы қолхат береді.

94. Сотталған белгіленген мерзімде жазаны өтеу орнына келмеген кезде Инспекция іздестіру бойынша алғашқы іс-шаралар жүргізеді және іздеуді жүзеге асыру үшін сотқа іздестіру бойынша ұсыныс жібереді.

95. Сот қосымша міндеттер жүктеген сотталғандарға қатысты хабар тиісті ұйымдар мен мекемелерге жіберіледі.

96. Жазаның мерзіміне сотталғанның өз бетінше жұмыста немесе тұрғын жері бойынша бір тәуліктен көп болмаған уақыты есептелмейді. Уақытты есептемеуі осы Нұсқаулықтың 37-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Инспекция қаулысымен ресімделеді, олар сотталғанның түсіндірмесімен және басқа да материалдармен бірге сотталғанның жеке ісіне салынады.

97. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу кезеңінде оның тәртібін қадағалауды жүзеге асыратын органның ұсынысы бойынша сот бұрын сотталғанға бас бостандығын шектеуге бекітілген міндеттердің толық немесе жартылай күшін жоюы мүмкін.

98. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындап жатқан сотталғандар қадағалауда болады және:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексімен және осы Нұсқалықпен қарастырылған жаза өтеу тәртібі мен шарттарынан туындайтын Инспекция талаптарын орындауға;

2) Инспекцияның рұқсатынсыз жұмыс, оқу және тұрғын орындарын ауыстырмауға;

3) оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінде болуға;

4) Инспекция бекіткен мерзімде тәрбие іс-шараларын жүргізуге қатысу және тіркелу үшін Инспекцияға келуге;

5) жиырма төрт сағат ішінде жұмыс немесе оқу кестесінің өзгергендігі туралы Инспекцияны хабардар етуге;

6) өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуға тиіс.

99. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталғандарға жазаны өтеу орны бойынша облыстан тыс орналасқан жоғары және орта арнайы оқу орындарында оқуға рұқсат беріледі. Сотталған Инспекция келісімімен басқа жерде орналасқан жоғары және орта арнайы оқу орындарында оқи алады.

100. Сотталғанның бас бостандығын шектеудегі еңбегі Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасымен реттеледі.

101. Сотталғанды басқа жұмысқа, соның ішінде басқа жерге ауыстыру Инспекциямен келісу бойынша жүзеге асырылады.

102. Марапаттау және жазалаудың Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексімен қарастырылған шараларын қолдану құқығын

толық көлемде Инспекция бастығы немесе оның орынбасары қолданады.

103. Инспекция белгілеген жазаны өтеу тәртібін адал орындағаны үшін сотталғанға мынадай марапаттау шаралары қолданылуы мүмкін:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) бұрын салынған жазасын мерзімнен бұрын алу;
- 3) жексенбі және мереке күндерін тұрғылықты жерінен тысқары өткізуге рұқсат беру;
- 4) демалысын тұрғылықты жерінен тысқары өткізуге рұқсат беру;

104. Бұрын салынған жазаны уақытынан бұрын алып тастауға жазаны салған күннен бастап кемінде алты ай жол берілмейді.

105. Жазасын өтеу тәртібін бұзған сотталғандарға Инспекция мынадай жазалау шараларын қолдана алады:

- 1) сөгіс;
- 2) жексенбі және мереке күндері тұрғылықты жерінен тысқары шығуға бір айлық мерзімге дейін тыйым салу;
- 3) бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен ауыстыру мүмкіндігі туралы ескерту осы Нұсқаулықтың 26-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

106. Жазалау шарасын қолданған кезде құқық бұзушылықты жасау жағдайы, сотталғанның жеке тұлғасы және оның қылмысқа дейінгі тәртібі ескеріледі. Салынып отырған жаза сотталғанның жасаған қылмысының сипаты мен ауырлығына сәйкес болуы керек. Жаза қылмысты анықтаған күннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал егер қылмысқа байланысты тексеріс жүргізілсе - оның аяқталған күнінен бастап, қылмысты жасаған күнінен бір айдан кешіктірілмей салынады. Жазалау жиырма төрт сағаттың ішінде, ал ерекше жағдайларда салынған күнінен бастап бір айдан кешіктірілмей орындауға келтіріледі. Инспектор жаза салынғанға дейін бұзушыдан түсініктемесін, құқық бұзушылық жасаудың мән-жайлары мен себептерін көрсетіп, алуға міндетті.

107. Сотталғандарға марапаттау және жазалау шаралары жазбаша түрде осы Нұсқаулықтың 38 және 39-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша салынады, марапаттау және жазалау есепке алу журналына осы Нұсқаулықтың 40-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тіркеледі. Сотталғанның бұзушылығы немесе марапатталуы туралы материалдар жеке ісіне тігіледі.

108. Жазаны өтеуден қасақана бас тартатын адамдарға қатысты Инспекция сотқа бас бостандығын шектеуді бас бостандығын айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу үшін осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша материалдарды ұсынады.

109. Кейін жасалған әрбір тәртіп бұзушылық алдыңғысына жаза тағайындалғаннан кейін жасалған жағдайда тұрғылықты жеріне, жұмыс немесе

оқу орнына келудің белгіленген кестесін бұзу, өзіне сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтару, сондай-ақ сол үшін әкімшілік жаза қолданылған сотталған адамның қоғамдық тәртіпті бұзуы жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзушылық болып табылады.

110. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден қасақана бас тартуы демалыс және мереке күндерінде демалуды өткізу орнынан немесе демалыстан уақытынсыз, себепсіз келген, сондай-ақ жұмыс немесе тұрғын орнын өз еркімен қалдыру, қылмыстық-атқару инспекция қызметкерлерінің заңды талаптарын орындаудан бас тарту болып табылады.

111. Сотталғанға бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын бас бостандығынан айыру жазамен ауыстыру мәселесін шешу кезінде оны сот санкциясымен ПО он тәулік мерзімге дейін жазасын өтеуден жалтарудың жолын кесу және материалдарды сотқа беру мақсатында ұстауға жолдайды.

Қажет болған жағдайда ПО ұсталған адамды жазаны өтеу орнына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар үшін белгіленген тәртіппен жібереді және жазаны өтеуден қасақана жалтарғаны туралы деректер болған жағдайда, сотталған адамның бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу үшін Инспекция материалдарды сотталған адамның ұсталған жері бойынша сотқа береді.

112. Бас бостандығын шектеудің күшін жою туралы ұсынымда сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтару, қоғамдық тәртіпті бұзу, сол уақыт ішінде Инспекцияға келмеген уақыты, оған қандай әсер ету шаралары қабылданғаны, оның оған әсері, сондай-ақ еріксіз әкелуінің болуы жөніндегі нақты фактілер көрсетіледі. Ұсынымда жұмыс, оқу және тұратын орнынан мінездеме, Инспекция қызметкерінің сотталғанның мінез-құлқы туралы баяндамасы, оның өмір салты, сотталғанның түсініктемесі және басқа құжаттар көрсетіледі.

6. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаны атқару

113. Сот үкімінің атқарылуын қамтамасыз ету мақсатында Инспекция үш күн мерзімде :

1) сотталғанның жұмыс орнын анықтайды және ұйым әкімшілігіне сот үкімінің көшірмесі мен хабарлама осы Нұсқаулықтың 41-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдайды ;

2) іс-әрекеттің белгілі бір түрін атқаруға рұқсаттың күшін жоюға құқылы органдарға сот үкімінің көшірмесін немесе оның куәландырылған үзіндісі мен ұсыным осы Нұсқаулықтың 42-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жібереді.

Қылмыстың сипаты (экономикалық қызмет саласында, экологиялық қылмыстар, қозғалыс пен көлікті пайдалану қауіпсіздігіне қарсы және тағы басқа) мен іс-әрекеттің тыйым салынған түріне қарай Инспекция аталған құжаттарды қызметтің белгілі бір түрлерін лицензиялауды жүзеге асыратын органдарға, қоғамдық бірлестіктерге (аңшылар мен балық аулаушылар, қоршаған табиғи ортаны қорғау қоғамы және тағы басқа) жібереді;

114. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандар сот үкіміндегі талаптарды орындауға, жаза өтеуге байланысты қылмыстық-атқару инспекциясы талап еткен құжаттарды әкелуге, жұмыс орнын және тұрғылықты жерін, олардың өзгергенін, жұмыстан босатылғанын, сондай-ақ шақыру бойынша инспекцияға келуге тиіс. Инспекцияға келмеген жағдайда мәжбүрлеп келтірілуі мүмкін.

115. Орналасқан жері үш күннен астам уақыт ішінде анықталмаған сотталған жазаны өтеуден жалтарған деп танылады.

116. Негізгі, сондай-ақ түзеу жұмыстарына бас бостандығын шектеуге, шартты соттауға қосымша жаза ретінде тағайындалған белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру түріндегі сондай-ақ, қамау немесе бас бостандығынан айыруға қосымша ретінде тағайындалған олардың босап шыққанынан кейін жазаны атқаруды тұрғылықты жері бойынша Инспекциялар жүзеге асырады.

117. Бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңіл жазамен ауыстырылған сотталғандарға қатысты, түзеу мекемесінің әкімшілігі алдынала Инспекцияға сотталғанды жібергендігі туралы хабарлама мен сот қаулысын жібереді.

Оны босатқан кезде оған жазаны орындау орнына көрсетілген маршрутпен және есепке алу үшін Инспекцияға жету уақыты туралы нұсқама береді. Нұсқамада сотпен тағайындалған жазаның қосымша шарасы міндетті түрде көрсетіледі.

118. Сотталғанның өзі атқару құқығынан айрылған қызметтен немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылданудан босатылғаны туралы, сондай-ақ рұқсаттың күші жойылуы және тыйым салынған іс-әрекетпен шұғылдануға құқық беретін құжаттардың алып қойылғаны туралы ұйымнан немесе тиісті органнан келіп түскен хабарлама осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белгілі бір қызметтерді атқаруға немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдануға тыйым салынған сотталғандарды есепке алу журналына тиісті белгі соғылғаннан кейін сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

119. Сотталған есепке қойылғаннан кейін бір ай ішінде Инспекция оның жұмыс орны бойынша ұйым әкімшілігінің өзі құқығынан айрылған қызметті атқаратын немесе еңбек іс-әрекетпен шұғылданатын сотталғанмен еңбек шартын

өзгерткенін немесе тоқтатқанын (егер сотталған осы ұйымнан босатылмаса), қандай қызмет (іс-әрекет) бойынша жаңа еңбек шарты жасалғанын, сондай-ақ тиісті органмен рұқсаттың күші жойылғанын, сотталғанның тыйым салынған іс-әрекетпен шұғылдануына құқық беретін құжаттың алып қойылғанын тексеріледі. Тексеру өткізу нәтижелері туралы осы Нұсқаулықтың 43-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі данада белгілі бір қызметті атқаруға немесе белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға тыйым салынған үкімнің дұрыс орындалуын тексеру актісі жасалады. Бірінші дана ұйымда қалдырылады, екіншісі кәсіпорын әкімшілігі танысуы туралы белгісімен Инспекцияда сақталады.

120. Сотталған бұрынғы жұмыс орнынан босатылған жағдайда Инспекция сотталғанның босатылғаны туралы хабарлау алынған сәттен бір ай мерзімде:

- 1) сотталғанның жаңа жұмыс орнын анықтайды;
- 2) жаңа жұмыс орны бойынша осы Нұсқаулықтың 44-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хабарлама жібереді;
- 3) сотталғанның жаңа жұмыс орны бойынша тексереді және оның қызметін анықтайды. Сотталғанның жұмыс орны бойынша тексерудің нәтижелері туралы анықтама жасалады және есепке алу журналына белгі соғылады.

121. Егер билік өкілдері, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері, мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлері заң күшіне еңген сот үкімін, шешімін немесе белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру туралы сот актісін орындамаған жағдайда, Инспекция олардың атына ұсынамхат осы Нұсқаулықтың 45-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдайды.

122. Сотталғанның сот үкімінің талаптарын бұзу фактісі анықтаған ретте Инспекция онымен жеке әңгіме өткізеді, түсініктеме алады және ол тыйым салынған қызмет атқарған немесе тыйым салынған іс-әрекетпен шұғылданған уақыттың жаза мерзіміне есептелмейтіндігін түсіндіреді. Өткізілген әңгіме туралы анықтама және сотталғанның түсінігі жеке ісіне қосылады.

123. Егер өкімет өкілдері, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері, мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлері Инспекцияның ұсынымын алғаннан кейін сот үкімін орындамаған жағдайда, Инспекцияның сот үкімін орындау жөніндегі бірнеше мәрте жасалған талаптарын елемесе, созылыңқы сөзбұйдаға, өзге де іс-әрекеттерге немесе әрекетсіздікке жол берсе Инспекция бұл жайында прокуратура органдарын жазбаша түрде хабардар етеді.

124. Әрі қарай бақылау мақсатында кемінде алты айда бір рет ұйым әкімшілігімен сотталғанның сот үкімін орындауын тексереді, бұл жөнінде есепке алу журналында тиісті белгі соғылады.

125. Сотталғандар әскери немесе балама азаматтық қызметке шақырылған

немесе кірген жағдайда Инспекция жергілікті әскери басқару органына немесе сотталғанның қызмет орны бойынша сот үкімінің көшірмесін қызмет еткен кезде нақ осы жазаны атқару үшін жібереді. Ілеспе хатта сотталған өтеген жаза мерзімі , сондай-ақ сотталғанның қызмет етуі аяқталған кезде жаза мерзімі бітпесе, әскери бөлім қолбасшылығы сотталған қызмет ету мерзімінің аяқталғаны туралы хабарлау мен сот үкімінің көшірмесін оның кеткен жері бойынша Инспекцияға жіберілгені көрсетіледі.

126. Айыппұл төлеуге, түзеу жұмыстарына, сондай-ақ шартты сотталған кезде жазаның негізгі де, сондай-ақ белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру мерзімі, егер бұл ретте жазаның қосымша түрін атқару кейінге қалдырылмаса, сот үкімінің заңды күшіне енген сәтінен бастап есептеледі.

127. Белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру бас бостандығын шектеуге, қамауға алуға, бас бостандығынан айыруға не тәртіптік әскери бөлімде ұстауға жазаның қосымша түрі ретінде тағайындалған ретте аталған жаза мерзімі тиісінше сотталғанның түзеу мекемесінен не тәртіптік әскери бөлімінен босатылған күнінен есептеледі.

Мұндай жағдайларда белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру туралы үкімінің талабы сол сияқты сотталғанның аталған негізгі жаза түрлерін өтеуінің барлық уақытына қолданылады.

128. Жаза мерзімі аяқталған кезде сотталған есептен шығарылады.

7. Шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру

129. Сынау мерзімі ішінде шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылауды олардың тұрғылықты жері бойынша Инспекциялар жүзеге асырады.

130. Шартты сотталғандардың қоғамдық тәртіпті сақтауын бақылауды жүзеге асыруға ішкі істер органдарының қызметкерлері тартылады.

131. Шартты сотталған:

- 1) Инспекция алдында өзінің мінез-құлқы туралы есеп беруге;
- 2) айына екі рет және шақыру бойынша Инспекцияға келуге тиіс.

132. Сотталған бақылаудан жалтарған жағдайда Инспекция оның жүрген жерін және жалтару себептерін анықтау мақсатында осы Нұсқаулықтың 12-бөлімінде белгіленген тәртіппен бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді.

133. Сотталған әскери немесе альтернативті азаматтық қызметке шақырылған жағдайда Инспекция жергілікті әскери басқару органына немесе сотталғанның қызмет орнына қызмет атқару кезінде мінез құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін сот үкімінің көшірмесін жолдайды.

Глеспе хатта Инспекция сотталғанның өтеп жатқан қызметі аяқталғаннан кейін сынау мерзімі бітпеген жағдайда, әскери бөлігінің басшысы қызмет мерзімі аяқталғаны туралы хабарлама және сот үкімінің көшірмесін оның шыққан орыны бойынша Инспекцияға жолдауды.

134. Сотталғанға қосымша ретінде белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдану құқығынан айыру тағайындалған ретте Инспекция Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 24-29-баптарымен және осы Нұсқаулықпен көзделген іс-шараларды толық көлемде жүзеге асырады.

135. Сынау мерзімі кезеңінде сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мақсатында Инспекциялар сотталғандармен, олардың туыстарымен, сондай-ақ сотталғандарға ықпал жасай алатын адамдармен алдын алу әңгімелерін өткізеді. Сотталғандар тарапынан қоғамдық тәртіпті бұзу және қайталап қылмыстар жасау жағдайларын болдырмауға шаралар қолданады.

136. Сотталғанның бақылау ісіне онымен алдын алу әңгімелерін жүргізу туралы анықтамалар және сотталғандардың мінез-құлқына қатысты барлық материалдар, сондай-ақ сотталғанның түсініктемелері мен басқа да құжаттар қосылды.

137. Егер сынау мерзімі өткенге дейін үлгілі мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдеген шартты сотталғанға белгіленген сынау мерзімінің кемінде жартысы өткен кезде Инспекция осы Нұсқаулықтың 28 қосымшасына сәйкес нысан бойынша сотқа ұсыныс енгізеді.

Ұсыныста сотталғанның жеке басын, оның мінез-құлқын сипаттайтын деректер, оның тәртібі баяндалады және шартты соттылығын жою және сотталғаннан соттылығын алып тастау бойынша мәселе қойылады.

138. Егер шартты сотталған қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға және отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында қол салатын әкімшілік құқық бұзушылық жасап, сол үшін оған әкімшілік жаза қолданылған жағдайда, Инспекция сынақ мерзімін ұзарту туралы осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сотқа ұсыныс енгізеді.

Сондай-ақ сотталған құқық бұзушылықты қайталап жасаған, заңды талаптарға бағынбаған, шартты сотталған адамның тәртібіне бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлерін қорлаған не оларға қатысты зорлық іс-әрекеттер жасаймын деп қорқытқан жағдайда оны шартты сотталудың жазасының күші жойылуы мүмкін екендігі туралы осы Нұсқаулықтың 26-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша түрде ескертеді.

139. Егер шартты сотталған сынақ мерзімі ішінде қайталап осы Нұсқаулықтың 138-тармағында қаралған әкімшілік құқықбұзушылықтар жасаса, шартты сотталғанның мінез-құлқына бақылау жасайтын орган қызметкерінің

заңды талабына бағынбай балағаттап тіл тигізсе, зорлық іс-әрекет жасау қатерін төндірсе сот органдарына шартты жазаның күшін жою туралы осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсыныс жібереді.

140. Шартты түрде соттаудың күшін жою туралы ұсынысқа сынақ мерзімі ішінде қоғамдық тәртіпті бұзудың, шартты сотталғанның мінез-құлқына бақылау жасайтын орган қызметкерінің заңды талабына бағынбай тіл тигізудің, зорлық іс-әрекет жасау қатерін төндірудің нақты фактілері көрсетіледі. Ұсынымға сотталғанның жұмыс, оқу орнынан және тұрғылықты жерінен мінездемелер, Инспекция қызметкерінің сотталған адамның мінез-құлқы, оның тұрмыс-салты туралы баянат, сотталғанның түсініктемелері және басқа да құжаттар қоса беріледі.

141. Инспекцияға тіркеуге келмеген күннен бастап 15 күн астам уақыт ішінде тұрғылықты жері анықталмаған шартты сотталушы бақылаудан жасырынған болып танылады. Осыдан кейін Инспекциялар бастапқы іздеу шараларын осы Нұсқаулықтың 12-бөлігінде белгіленген тәртіппен жүргізеді.

142. Сотталған бақылаудан жасырынған жағдайда, Инспекция сот органдарына сотталғанға іздеу жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану туралы осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсыныс жолдайды. Шартты сотталғанға іздеу жариялау туралы сот қаулысы шыққаннан кейін сотталғанның сынақ мерзімі тоқтатылады және сот шешімімен қайта есептеледі. Іздеуде жүрген сотталғанның мекен-жайы анықталғаннан кейін шартты жазаның күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы сот органдарына ұсыныс енгізеді.

143. Тұрғылықты жері белгісіз сотталғандарға байланысты ұсыныста сотталғанның Инспекция бақылауынан жасырынғаны туралы мәліметтерді, сондай-ақ бастапқы іздестіру іс-шараларының нәтижесін көрсетеді.

144. Сынау мерзімі соттың үкімі заңды күшіне енген сәттен бастап есептеледі.

8. Жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру қолданылып, сотталған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдердің мінез-құлқына бақылау жасау

145. Сотталған әйел босатылған күні түзеу мекемесі оның тұрғылықты жері бойынша босатылған күні көрсетіле отырып, көшірмесі бар жеке іс соттың жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы ұйғарымын жібереді, оған сотталған әйелдің мінездемесі, туыстарының оның өзі мен сәбиін қабылдауға, оларға тұрғын үй беру және сәбиімен бірге тұру үшін қажетті жағдай туғызуға келісуі туралы анықтама, жүктілігі туралы медициналық қорытынды не

баласының туу туралы куәлігінің көшірмесі немесе баласының барлығы туралы анықтама, сондай-ақ Инспекцияға келу туралы қолхаты қоса беріледі.

Сотталған келгеннен кейін Инспекция үш тәулік ішінде сотталғанды есепке алады және оның мінез-құлықына бақылау жасайды.

146. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезеңінде сотталған әйелдердің мінез-құлқын бақылауда Инспекция тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырады.

147. Сотталғанды Инспекцияға есепке қою кезінде сотталған әйелмен әңгімелесу өткізіледі, әңгімелесу барысында оған жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттары, оларды орындамаудың салдары және қоғамдық тәртіпті бұзғаны, жаңа қылмыс жасағаны, сондай-ақ баласын тәрбиелеу мен оны күтуден жалтарғаны үшін жауаптылығы түсіндіріледі, бұл жөнінде осы Нұсқаулықтың 24-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тілхат алынады.

Бұдан өзге, сотталған әйелдің сауалнамалық деректері, жақын туыстары туралы мәліметтер және оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер нақтыланып тексеріледі. Әңгімелесу нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол тілхатпен бірге сотталған әйелдің бақылау ісіне қ о с а т і г і л е д і .

Осымен бір мезгілде сотталған әйелдің есепке қойылғаны туралы баланы тәрбиелеуге және оны күтуге бақылауды қамтамасыз етуде өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін оның тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдары хабардар етіледі. Тоқсан сайын ПО-ның кәмелеттік істері жөніндегі бөлімшелерімен, қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен бірлесіп тұрғылықты мекенінің жай-күйіне тесеру жүргізіліп үш данада кесім жасалады. Бір данасы сотталғанның бақылау ісіне тігіледі.

148. Сотталған әйел жұмысқа орналастырылған жағдайда Инспекция оның жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігіне осы Нұсқаулықтың 44-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хабарлама жібереді.

149. Сотталған жүкті әйел немесе жасөспірім баласы бар әйел босатылған күннен бастап екі апта мерзімде, сондай-ақ сот қаулысымен бас бостандығынан айыру жазасы бас бостандығын шектеу жазасына ауыстырылғандар түзеу мекемелерінің әкімшілігі белгілеген мерзімде Инспекцияға келмеген сотталғандарға іздеу жариялайды.

150. Сотталған әйелдердің жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру шарттарын сақтауына бақылау жасау мақсатында Инспекциялар:

1) тұрғылықты жері бойынша сотталған әйелдердің баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару фактілерін анықтау мақсатында ай сайын барып тұрады. Тексеру нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол сотталған әйелдің бақылау ісіне қоса тігіледі.

2) сотталған әйелдермен, олардың туыстарымен және оларға ықпал жасай

алатын адамдармен тәрбиелік мағынадағы әңгімелер жүргізеді, сотталған әйелдерден жол берілген тәртіп бұзушылықтары туралы түсініктемелер алады. Олар тарапынан баланы тәрбиелеу мен оны күту міндеттерінен жалтарудың, қоғамдық тәртіпті бұзушылықтар мен қайталап қылмыс жасаудың алдын алуға шаралар қолданады.

3) сотталған әйелдердің мінез-құлқына, олардың тұрмыс-салтына және баланы тәрбиелеудегі көзқарасын бақылау үшін басқада іс-шараларды жүргізеді.

4) сотталған әйелдердің баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару фактілері анықталған, тұрғылықты жері бойынша теріс мінезделсе керекті ақпараттар жинақталады және ПО-ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімшесіне тұрғылықты жері бойынша тәрбиелік жұмыстар жүргізу үшін жолданады, құжаттардың көшірмесі бақылау ісіне тігіледі.

151. Сотталған әйелдің жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру шарттарын сақтамауы мыналар:

1) әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті бұзуы;

2) баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруы болып табылады.

152. Сотталған әйел, егер ол:

1) баладан ресми түрде бас тартпай, оны әйелдер босанатын үйде қалдырса немесе балалар үйіне берсе;

2) қоғамға қарсы тұрмыс-салтын ұстанса және баланың тәрбиесімен және оны күтумен айналыспаса;

3) баланы туыстарына немесе өзге де адамдарға қалдырып кетсе;

4) жаза өтеуден бой тасаласа;

5) баланы тәрбиелеуден жалтаруын куәландыратын өзге де іс-әрекет жасаса, баланы тәрбиелеуден жалтарған болып саналады.

153. Тәртіп бұзушылықтардың 152-тармағында аталған кез-келгені анықталғаннан кейін Инспекция қызметкері сотталған әйелді шақырады, ал ол келмеген жағдайда тұрғылықты жері бойынша барады, одан жол берілген тәртіп бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, алдын ала әңгімелесу жүргізеді және жазбаша осы Нұсқаулықтың 26-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ескерту жариялайды.

154. Егер сотталған әйел екі мәрте жариялаған жазбаша ескертуден кейін баладан бас тартса не бой тасаласа немесе баланы тәрбиелеу мен оны күтуден жалтаруын жалғастырса, Инспекция, ПО-ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімшесіне ата-ананың құқытарын айыру бойынша мәселесін шешу үшін тиісті ақпарат жолдайды.

Ата-ананың құқытарын айырғаннан кейін сотқа жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдырудың күшін жою туралы және сотталған әйелді сот үкімімен

тағайындалған жазаны өтеуге жіберу туралы осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсыным енгізеді. Ұсынымға: жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы сот ұйғарымының көшірмелері мен сотталған әйелдің баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруын растайтын материалдар, жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездемелер, ПО-ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектордың оның мінез-құлқы мен тұрмыс салты туралы баянаты, басқа да құжаттар қоса беріледі.

155. Егер сотталған әйел жасырынған болса, Инспекция осы Нұсқаулықтың 12-бөлігіне сәйкес бастапқы іздеу шараларын жүзеге асырады.

156. Сот үкімінде көрсетілген кейінге қалдыру мерзімі біткеннен кейін не бала шетінеген жағдайда, не түсік тастаған жағдайда Инспекция сотталған әйелдің тұрғылықты жері бойынша оның мінез-құлқын, баланы тәрбиелеуге қатынасын, жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдерін ескере отырып, сотқа сотталған әйелді жазаның қалған бөлігін өтеуден босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен алмастыруға, не оны түзеу мекемесіне жіберу туралы ұсыныс осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жібереді.

Ұсынымда сотталған әйелдің жеке басын, мінез-құлқын және жазаны өтеу кейінге қалдырылған кезінде оның баланы тәрбиелеуге қатынасын сипаттайтын деректері келтіріледі, сот органдарымен тағайындалған жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдері көрсетіледі. Ұсынымға жұмыс орнынан мінездеме, ПО-ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторының оның тұрмыс салты, мінез-құлқы туралы баянат және басқа да құжаттар қоса беріледі.

9. Кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты жазаларды орындау бойынша ұйымдастыру жұмыстары

157. Аумақтық Инспекция қызметкерлері:

1) кәмелетке толмағандардың тарапынан қылмыстар мен басқа да құқық бұзышылықтардың жеке алдын-алу жұмыстарын жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді;

3) кәмелетке толмағандардың заңға бағынушылық мінез-құлқын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;

4) сотталғандар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жөніндегі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктермен, мемлекеттік органдармен өзара әрекеттеседі.

158. Инспекцияның қызметтік міндеттеріне кіреді:

1) инспекцияның есебіне қойылған кезде:

Кәмелетке толмағандарға ата-аналарының немесе олардың орнын басатын тұлғалардың қатысуымен алғашқы алдын алу сұхбат жүргізеді;

Қоғамнан оқшалауға байланысты емес жаза өтеу шарттарын және тәртіптерін т ү с і н д і р е д і ;

Оның сауалнамалық деректері, жақын туыстары мен кәмелетке толмағанға ықпал ету мүмкін мәліметтер, сондай-ақ оның жүріс-тұрысын бақылау үшін қажетті басқа да мәселелер анықталады.

Кәмелетке толмағанмен сұхбат өткізгеннен кейін осы Нұсқаулықтың 24-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қолхат алынады, жүргізілген сұхбат нәтижесінде анықтама толтырылып, кәмелетке толмағандардың бақылау немесе жеке ісіне тігіледі. Қолхатта және сұхбат-анықтамасында кәмелетке толмағанның және оның жақын туысының немесе сұхбат жүргізу кезінде қатысқан тұлғаның қ о л т а ң б а с ы б о л у т и і с ;

2) инспекция кәмелетке толмағанды тіркеу күні ішкі істер органдарының кәмелетке толмаған істер жөніндегі бөлімшілеріне, қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, есепте тұрғанның жұмыс немесе оқу әкімшілік орындарына және әскери басқармаларының жергілікті органдарына (жас әскерге шақырылуға жататын жас өспірімдер жөнінде) хабарлама, кәмелетке есепке қою жөнінде хабарлауы осы Нұсқаулықтың 46, 47-қосымшаларына сәйкес нысан б о й ы н ш а ж і б е р і л е д і .

Сотталған борышын өтеу үшін әскерге шақырылған жағдайда әскери комиссариатқа үкімнің көшірмесі, ал керекті жағдайда қызмет атқару жерінде бақылау жүргізу үшін жазаны орындауға қажетті басқа да құжаттар жолданады;

3) ай сайын Инспекцияның есебіне қойылған кәмелетке толмағандардың тізімдерін ішкі істер органдарының кәмелетке толмаған істер жөніндегі б ө л і м ш і л е р і н е ж о л д а у ;

4) тоқсан сайын ішкі істер органдарының кәмелетке толмаған істер жөніндегі бөлімшілерімен Инспекцияның есебінде тұрған кәмелетке толмағандар бойынша с а л ы с т ы р у ж ү р г і з у

5) өз қызметін Астана, Алматы қалалары және Алматы облысы бойынша ҚАЖ комитетінің ҚАЖД басшылығымен бекітілген тоқсандық жұмыс жоспарлары негізінде ұйымдастырылады;

б) іздестірудегі кәмелетке толмаған ұсталған кезде, дер кезінде ата-анасын немесе олардың орынын басатын тұлғаларды кәмелетке толмаған сотталғанның жаза өтеуден жалтарауына келтірген қандай себеп және қандай шарт екенін сұрау, анықтау үшін шақыртылады.

Ескерту: 158-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Б ұ й р ы ғы м е н .

159. Кәмелетке толмағандардың арасында қылмыс жасауы мен басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Инспекция құқыққа сай келесі шараларды жүзеге асырады:

1) ай сайын кәмелетке толмағанның мекен-жайы, оқуы немесе жұмысы бойынша барады, ата-анасын немесе олардың орыны басатын тұлғалардың қатысуымен онымен алдын-алу сипатта сұхбат өткізеді;

2) кәмелетке толмаған сотталғанның қандай да құқық бұзушылыққа жол берген үшін мәселені анықтау үшін ата-анасын немесе олардың орынын басатын тұлғаларды шақырту осы мәселеге қатысты басқа да тұлғаларды шақырту;

3) жас өспірім жасаған қылмыс пен басқа да құқық бұзушылық дерегі жөнінде кәмелетке толмағаннан, оның ата-аналарынан немесе олардың орнын басатын тұлғалардан түсініктерін талап етеді;

4) жасы кәмелетке толмаған ата-аналарымен бірге спирттік ішімдіктерді ішу деректері анықталған жағдайда немесе ата-аналары кәмелетке толмағанға құқық бұзушылыққа апаратын әрекетке келтірген жағдайда Инспекция кідірмей ПО қызметкерлерін шақырады және ПО-ның кәмелетке толмаған істер жөніндегі бөлімшілеріне және қорғаншылық және қамқоршылық органдарына тиісті хабарлама жолдайды, хабарламалардың көшірмелері сотталғанның жеке немесе бақылау ісіне тігіледі;

5) кәмелетке толмаған жөнінде керекті ақпарат және мәліметтерді меншік нысанынан тәуелсіз, оқу мекемелерінен, ұйымдардан, мекемелерден, кәсіпорынның лауазымды адамдардан бақылау жеке ісіне тіркеу үшін сұрату

160. Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын орындаған кезде, Инспекция кәмелетке толмағанға жеңілдеткен түріндегі жұмыс белгілену қажеттігі ескерту қажет. Қоғамдық жұмыстары оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. Бұл жаза түрінің ұзақтығы он алты жасқа толмаған тұлғалардың уақыты күніне екі сағаттан аспау тиіс, ал он алты жастан он сегіз жасқа толған тұлғалардың уақыты күніне үш сағаттан аспау тиіс.

161. Сотталған 18 жасқа толғаннан кейін ПБ-ға тиісті хабарлама жолдап үлкендердің санатына ауыстырылады;

162. ҚАЖ комитеті ҚАИББ-ның және облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша ҚАЖ комитеті ҚАЖД ҚАИББ (Т) құрамындағы ювенальды әділет топтары:

1) жұмысты жоспарлап, алға қойылған іс-шаралардың орындалуына бақылау жасайды атқарылған жұмыстың есебін әзірлейді, қажет болған жағдайда жергілікті атқару органдарына және прокуратураға ақпарат жолдайды, мәліметтерді қорытындылап, талдау жасайды;

2) кәмелетке толмағандарға қатысты жазаларды орындау бөлігінде аумақтық Инспекциялардың қызметіне ұйымдық-әдістемелік басшылық пен бақылауды

3) практикалық көмек көрсетеді, өз тәжірибелерді енгізу, Инспекциялар кәмелетке толмағандармен жұмыстарының нысандары мен әдістерін жетілдіреді және қызметкерлердің осы бағыттағы арттыруды ұйымдастырады;

4) Инспекциялардың кәмелетке толмағандармен жүргізілген жұмыстарын талдау негізінде облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша ҚАЖ комитеті ҚАЖД басшысына ақпараттық-талдау және өзге де материалдарды дайындайды.

Ескерту: 162-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

10. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын және мерзімінен бұрын шартты түрде босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруға ұсыну бойынша ұйымдастыру жұмыстары

163. Түзеу жұмыстарына және бас бостандығын шектеуге сотталғандар заңмен белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген жағдайда Инспекция м і н д е т т і :

1) бір ай мерзімде жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруға ұсыныс қолдаулатын шығаруға немесе бас тартуға мәселені қарап кейіннен сотқа енгізу үшін прокурорға осы Нұсқаулықтың 48-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ж і б е р у г е ;

2) сот жазаны өтеу мерзімінен бұрын шартты түрде босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырудан бас тартылған жағдайда, осы негіздердің кез келгені бойынша қайта ұсыныс енгізу - бас тарту туралы ұйғарым шығарылған күнінен бастап алты айдан өткен соң жасалуы к е р е к ;

3) жазасын өтеу мерзімінің заңмен белгіленген бір бөлігін өтеген сотталған адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі туралы жәбірленушіні не оның өкілін үкім шығарған сот берген мекен-жай бойынша пошта арқылы Инспекция тапсырыс хатпен осы Нұсқаулықтың 49-қосымшасына сәйкес нысан б о й ы н ш а х а б а р д а р е т е д і ;

4) шартты сотталғандарды мерзімінен бұрын босату және шартты мерзімінен бұрын босату, іздеу және жазаны алмастыру материалдары 2 данада жасалады.

Жазасын өтеуден шартты мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы қолдаухатта және кешірім жасау ұсыныста сотталғанның жеке басын, оның мінез-құлқын, жазасын

өтеу кезіндегі еңбекке және оқуға құлықтылығын сипаттайтын мәліметтер қамтылуға тиіс.

11. Жазаны өтеуді тоқтату және сотталғандарды есептен шығару негіздемелері

164. Сотталғандар Инспекция есептерінен келесі негіздер бойынша шығарылады:

1) жазаны өтеп шыққанда немесе шартты сотталғанда сынақ мерзімі өткеннен кейін;

2) жазаны өтеуден кәнігі жалтарған жағдайда түзеу және қоғам жұмыстары басқа жазалармен немесе бас бостандығынан айырумен алмастырылғанда;

3) үкіммен тағайындаған шартты түрде соттаудың күші жойылғанда, жаза өтеуін кейінге қалдырылғанда және сотталғандарды сот тағайындаған жазасын өтеуге жібергенде;

4) I немесе II топтағы мүгедек деп танылған, қоғамдық жұмыс түріндегі жазасын өтеп жатқан адамның босатылуы салдарынан;

5) түзеу жұмыстары, бостандығын шектеу түріндегі жаза өтеуін шартты түрде мерзімнен бұрын босатуына байланысты;

6) психиканың бұзылуына немесе ауыр дертінің салдарынан жазаны өтеуден босатылғанына байланысты;

7) шартты түрде соттаудың күшін жою және сотталғандықтан шығаруына байланысты;

8) рақымшылық жасау актісінің күшіне сәйкес;

9) кешірім жасау актісінің күшіне сәйкес;

10) істі өндіріспен тоқтатумен үкімнің жоюына байланысты;

11) жаңа қылмыс жасаған үшін сотталғанына байланысты;

12) Инспекция қызмет көрсететін аумағынан тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты;

13) азаматтық балама қызметке немесе әскери қызметке түсуіне немесе шақырылуына байланысты;

14) өлуіне байланысты;

15) басқа мемлекетке тұрғылықты тұруға кеткен жағдайда;

16) Қазақстан Республикасы Заңнамасымен көзделген өзге де негіздемелер бойынша.

165. Түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаларды өтеген немесе одан басқа негіздер бойынша босатылған адамдарға осы Нұсқаулықтың 36-қосымшасына сәйкес нысан бойынша анықтама беріледі.

166. Шартты сотталғандарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату Инспекцияға тиісті құжаттар келіп түскен күні жүргізіледі.

167. Жазаны кейінге қалдыру сотталған әйелді есептен шығару сот ұйғарымы келіп түскен күні жүзеге асырылады.

168. Сотталғанды есептен шығару туралы аумақтық ПО, әділет органының тіркеу және құжаттандыру бөлімшелеріне осы Нұсқаулықтың 50-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, сондай-ақ әскери қызметке шақырылуға жататын адамға қатысты жергілікті әскери басқарма органына осы Нұсқаулықтың 51-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хабарлау жіберіледі.

169. Түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу жазаларының басқа түрімен алмастыруға, шартты соттаудың және жазаны атқару мерзімін кейінге қалдырудың күші жойылуына байланысты сотталғандарды есептен шығару, сондай-ақ жаңа қылмысы үшін соттау сот шешімдері негізінде олар алынған күні жүргізіледі.

170. Сотталғанды есептен шығару күні және негізі туралы сотталғандарды есепке алу журналында, түзеу жұмыстары және қоғам жұмыстарына тарту сотталғандардың жеке ісі және бақылау істері мен есепке алу карточкасына белгілер соғылады. Есептен шығарылған сотталғандардың жеке және бақылау істері мұрағатқа жөнелтіледі.

Инспекция қызмет көрсететін аумағынан тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты өтеу мерзімінің аяқталғанына дейін кеткен тұлғаларға жаңа тұрғын орны бойынша хабарлау жіберіледі. Егер Инспекцияның тұрғылықты жері белгісіз болса, хабарлама ҚАЖ комитетінің облыстар бойынша аумақтық ҚАЖД жіберіледі.

Жеке және бақылау істері, ал түзеу жұмыстарға сотталғандардың Инспекция бастығы қолымен мөрленген есеп карточкаларының көшірмелері сотталғандардың жаңа тұрғылықты орны бойынша Инспекция сұрауымен тапсырыс почта арқылы жіберіледі. Сотталғандардың жаза өтеудің жаңа тұрғылықты орнындағы Инспекциясы жеке және бақылау істерін және есеп карточкаларының көшірмелері алынғаны туралы тез арада құжат жіберген Инспекцияға растау жібереді.

Ескерту: 170-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

171. Инспекциядан есептен шығару үшін негіздеме бар-жоғын дәлелдейтін құжаттары:

1) түзеу жұмыстары өтелмеген мерзімін басқа жазалармен алмастырылғанда, жазаны кейінге қалдыру және шартты соттаудың күшін жою сотталған әйелді босатқанда, немесе жазаның өтелмеген бөлімін неғұрлым жеңіл жазамен

алмастыруында, істі өндіріспен тоқтатуына, психиканың бұзылуы, ауыр дерт, I немесе II топтағы мүгедек деп тану салдарынан жазаны өтеуден босатылуына байланысты үкім жоюында, қоғамдық жұмыстардан, бас бостандығы шектеуден шартты мерзімінен бұрын босатуда тиісті сот органдарының қаулы, ұйғарымдарының көшірмелері;

2) түзеу жұмыстарын өтеген тұлғаларға қатысты сотталғанның жалақысынан және ұстап қалуларының жалпы сомасының жаза өтеу мерзіміне енгізілген уақыт есеп айырысуы жасалған есеп карточкасы;

3) рақымшылық немесе кешірім жасау актілеріне сай олардың орындалуы жүктелген құзырлы органдардың құжаттары;

4) жаңа қылмыс жасаған сотталғанға байланысты заңның күшіне енуі туралы өкімімен сот үкімі көшірмесі;

5) сотталғанның өлгені туралы ЗАГС органынан анықтама;

6) Жаңа тұрғылықты орны бойынша Инспекцияға сотталғанды есепке қою, жеке және бақылау істерінің алынғаны туралы хабарлама;

7) сотталғанның басқа мемлекетке тұрғылықты тұруға кеткенін дәлелдейтін құжаттар;

8) әскери бөлімнен сотталғанның келгені және есепке қоюы туралы хабарлама.

12. Бастапқы іздестіру шаралары бойынша ұйымдастыру жұмыстары

172. Инспекция қоғамнан оқшаулаумен емес жазасын өтеп жатқан сотталғандарды іздестіру бойынша бастапқы іздестіру іс-шараларын өткізеді.

173. Іздеу жөніндегі бастапқы іс-шараларды жүргізу кезінде Инспекция қызметкері:

1) сотталғанның туыстарын, көршілерін және оның байланыстары мен ықтимал жүрген жері туралы мәліметтерден не сотталғанды іздеуге жәрдемдесуі мүмкін өзге деректерден хабардар болуы мүмкін басқа да азаматтарды сұрастырады;

2) сотталған жұмыс істеген ұйым арқылы оның ықтимал жүрген жері туралы деректерді, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органы, мекен-жай анықтамалық бюросы арқылы тіркелген жерін, іс жүзінде тұрғылықты жерінің мекен-жайын анықтайды;

3) ішкі істер органдарының есептері бойынша қамауға алынғандардың, сотталғандардың, тұрақты мекен-жайы жоқ тұлғаларына арналған бөлу-қабылдағыштағы ұсталғандардың арасынан, сондай-ақ медициналық мекемелердің, мәйітханалардың, жазатайым оқиғаларды тіркеу бюроларының есептері бойынша бой тасалаған адамды анықтау мақсатында тексерулерді

ж ү з е г е

а с ы р а д ы ;

4) басқа аймақтардың ішкі істер органдарына және Инспекцияға ізделушіні, оның туыстары мен таныстарының тұрғылықты жері бойынша сұрау салады.

174. Егер бастапқы іздестіру шаралары нәтижесінде сотталғанның орналасқан жері анықталмаса, Инспекция соттың үкімімен тағайындалған сотқа шартты түрдегі жазаны, жаза өтеуді кейінге қалдыру, қоғам және түзеу жұмыстарын бас бостандығын шектеуге, қамауға немесе бас бостандығынан айыруға алмастыру, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға осы Нұсқаулықтың 28-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсыным жасап жариялау және бұлтартпау шарасын тағайындау мәселесін қойып сотқа жолдайды.

175. Жазаның күшін жою және ауыстыру, іздестіру жөнінде ұсынымға үкімнің көшірмесі, үкім заңды күшіне енгені туралы анықтама, бастапқы іздестіру шараларының көшірмелері, өтелмеген мерзімі туралы анықтама қоса қосылады. Құжаттардың бірінші данасы шешім шығаруға сотқа жолданады, құжаттардың екінші данасы сотталғанның ісіне тігіледі.

176. Сотталғанды іздестіруді жариялау туралы сот шығарған қаулысынан кейін бастапқы іздестіру шараларының материалдар көшірмелері ішкі істер аудандық, қалалық криминалдық полиция қызметіне одан әрі іздестірілуіне жіберіледі.

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары және шартты сотталған адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа 1-қосымша

Нысаны

Б Е К І Т Е М І Н

(с о т а т а у ы)

төрағасы

(т е г і , а т ы - ж ө н і)

« ____ » _____ 20 ____ ж.

20__ жылдың _____ тоқсан бойынша _____
(ауданының, қаласының)

қылмыстық-атқару инспекциясына орындауға қоғамнан

**оқшаулауға байланысты емес жазаларға
сотталғандардың келіп түскен үкімдерін
САЛЫСТЫРУ АКТІСІ**

Рет. №	Сотталғанның тегі, аты-жөні, туған күні мен жылы	ҚР ҚК бабы	Үкімді шығарған күні	Жазалау шарасы	Үкімнің заң күшіне енген күні	Есепке шығару күні	Үкімді сотпен Инспекцияға жолдаған күні	Үкімнің Инспекцияға келіп түскен күні	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

_____ канцелярия басшысы
(с о т а т а у ы)

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

« ____ » _____ 20__ ж.

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
(о р г а н а т а у ы)

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

« ____ » _____ 20__ ж.

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары және шартты сотталған адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа 2-қосымша

Нысаны

Б Е К І Т Е М І Н

_____ облысы бойынша

ҚСЖАЕК бастығы _____

(т е г і , _____ а т ы - ж ө н і)

« ____ » _____ 20__ г.

20__ жылдың _____ тоқсан бойынша қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға сотталғандарға шығарып қойылған Н-1 алфавиттік есеп карточкасы бойынша САЛЫСТЫРУ АКТІСІ

Рет. №	Тегі, аты-жөні	Туған күні мен жылы	Қашан және қай сотпен сотталған	Н-1 карточкасының келіп түскен күні	Ескерту

1	2	3	4	5	6

Салыстыру

жүргізгендер:

_____ облысы _____ бойынша
 ҚСЖАЕК бөлімінің _____ прокуроры

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

«__» _____ 20__ ж.

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
 (о р г а н а т а у ы)

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

«__» _____ 20__ ж.

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары және шартты сотталған адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа 3-қосымша Нысаны

20__ жылдың _____ тоқсан бойынша қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға сотталғандарға қойылған күзет карточкалары бойынша САЛЫСТЫРУ АКТІСІ

Есептік кезеңнің соңында қылмыстық-атқару инспекциясының есебінде тұрғандардың саны	Құжаттандыру және тіркеу бөлімінде қойылған күзет карточкаларының саны	20__ жылдың _____ тоқсан бойынша есептен шығарылған сотталғандардың саны	Ескерту
1	2	3	4

Салыстыру

жүргізгендер:

_____ бөлім (бөлімше) бастығы
 (құжаттандыру және тіркеу бөлімінің атауы)

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

«__» _____ 20__ ж.

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
 (о р г а н а т а у ы)

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

«__» _____ 20__ ж.

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары және шартты сотталған адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа 4-қосымша Нысаны

20__ жылғы _____ айына ҚАІБ құқықтық қоғамдық бөлімі (ҚҚБ) (бөлімшесі) және кезекші бөлімімен (К/Б) бас бостандығынан айырусыз сотталған адамдар бойынша САЛЫСТЫРУ АКТІСІ

ҚҚБ	Жыл басынан профилактикалық есепке қойылғандардың саны	Жыл басынан профилактикалық есептен алынып тасталғандардың саны	Есепті кезеңнің аяғында тұрғандар
К/Б	Бас бостандығынан айырусыз сотталғандарға қайта қылмыс жасағаны үшін қозғалған қылмыстық істердің саны	Жыл басынан	Есепті кезеңде

С а л ы с т ы р у **жүргізгендер:**

 _____ (о р г а н а т а у ы)
 _____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

«__» _____ 20__ ж.

_____ ҚАЛ(Б)ІБ бастығы

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

«__» _____ 20__ ж.

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары және шартты сотталған адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа 5-қосымша

(аумақтық органның атауы)

**Шолу мен арыздардың
ЖУРНАЛЫ**

20__ ж. "___" _____ басталды:
20__ ж. "___" _____ аяқталды:
Сақталу мерзімі _____

(ішкі мазмұны)

№ к/с	Арыздармен өтініштердің келіп түскен күні	Өтініш берушінің аты жөні, мекен-жайы, телефоны	Өтініштің қысқаша мазмұны	Өтінішті қабылдаған ҚАИ қызметкерінің аты-жөні	Қараудың нәтижесі	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары және шартты сотталған адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа б-қосымша

(аумақтық органның атауы)

**Қоғамдық жұмысқа сотталғандардың есеп
ЖУРНАЛЫ**

20__ ж. "___" _____ басталды:
20__ ж. "___" _____ аяқталды:
Сақталу мерзімі _____

(ішкі мазмұны)

		Туған жері							
			Қашан, қай сотпен қай			Қашан, қандай			

№ к/с	Аты жөні, тегі	және туған жылы	Тұрғылықты жері	мерзімге сотталған	Есепке алынған күні	Жеке ісінің нөмірі	жұмысқа жіберілді	Есептен шығарылған күні	Негіздеме
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары және шартты сотталған адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа 7-қосымша

Нысаны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

(аумақтық органның атауы)

Түзеу жұмыстарын өтеп жатқан

адамдарды есепке алу

ЖУРНАЛЫ

20__ ж. "___" _____ басталды:

20__ ж. "___" _____ аяқталды:

Сақталу мерзімі _____

(ішкі мазмұны)

Рет. №	Есепке қойылған күні	Тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Қашан, қандай сотпен, қандай баппен сотталған, үкімнің заңды күшіне енген күні	Бас бостандығынан айыруды түзеу жұмыстарына ауыстыру туралы ұйғарымның (кешірім жасау) актісі шығарылған күні соттың, түзеу мекемесінің атауы	Түзеу жұмыстарының мерзімі
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Жалақысынан ұсталатын ақы мөлшері	Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы қолдаухат жолданған күні	Түзеу жұмыстарын жазаның басқа түріне ауыстыру туралы ұсыныстың сотқа жіберілген күні	Есептен шығару күні мен негіздемесі	Ескерту
7	8	9	10	11

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары және шартты сотталған адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа 8-қосымша

Нысаны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

(аумақтық органның атауы)

Белгілі бір қызметтерді атқаруға немесе белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдануға тыйым салынған сотталғандарды есепке алу ЖУРНАЛЫ

20__ ж. "___" _____ басталды:
20__ ж. "___" _____ аяқталды:

Сақталу мерзімі _____

(ішкі мазмұны)

Рет. №	Есепке қойылған күні	Тегі, аты-жөні, туған жылы	Атқарып отырған жұмыс орны (оқуы) лауазымы	Қашан, қай сот, қандай баппен сотталды, үкімнің заңды күшіне енген күні	Қандай қызмет түрімен айналысуға тыйым салынды (қызметтің қай түрімен шұғылдануға болмайды, қай мерзімге)
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Тыйым салынған қызметпен айналысу бойынша рұқсаттың күшін жоятын құқығы бар әкімшіліктің немесе органның атына хабарлама жіберілген күн	Тыйым салынған қызметпен айналысу бойынша рұқсаттың күшін жоятын құқығы бар әкімшіліктерден, ұйымдардан немесе органдардан хабарлама келіп түскен күн	Үкімінің орындалуына бақылау жасау бойынша өткізілген шаралардың атауы және оларды өткізген күндер	Жазаның мерзімі аяқталу күні	Есептен шығару күні мен негіздемесі
7	8	9	10	11

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға
байланысты емес жазаларды орындау,
қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де
шаралары және шартты сотталған
адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа
9-қосымша
Нысаны
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

(аумақтық органның атауы)

Шартты сотталғанды есепке алу ЖУРНАЛЫ

20__ ж. "___" _____ басталды:
20__ ж. "___" _____ аяқталды:

Сақталу мерзімі _____
(ішкі мазмұны)

№ к/с	Тегі, аты жөні туған жылы	Сотталғанның тұратын жері	Қашан, қай сот, нешінші баппен сотталды	Үкімнің заңды күшіне енген күні	Шартты сотталғанның мерзімі	Есепке қойылған күні	Жазаның мерзімінің аяқталу күні	Есептен шығарылған күні мен негіздемесі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Жазаны бас бостандығына алмастыру (сынақ мерзімін ұзарту) үшін сотқа ұсыныс жіберілген күн	Мерзімінен бұрын босату үшін сотқа ұсыныс жіберілген күн	Ескерту
10	11	12

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға
байланысты емес жазаларды орындау,
қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де
шаралары және шартты сотталған
адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа
10-қосымша
Нысаны

(аумақтық органның атауы)

**Жүкті әйелдер және жас балалары бар әйелдер жөнінде
жаза атқарылу мерзімін кейінге қалдыру
сотталған әйелдерді есепке алу
ЖУРНАЛЫ**

20__ ж. " ___ " _____

басталды:

20__ ж. " ___ " _____

аяқталды:

Сақталу мерзімі _____

(ішкі мазмұны)

№ к/с	Тегі, аты жөні туған жылы	Тұратын жері	Қашан, қай сот нешінші бапмен сотталды	Үкімнің заңды күшіне енген күні	Қ а й мерзімге жазаның орындалуы кейінгіге қалдырылды	Есепке қойылған күні	Мерзімнің аяқталу күні	Есептен шығарылған күні мен негіздемесі	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға
байланысты емес жазаларды орындау,
қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де
шаралары және шартты сотталған
адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа
11-қосымша

Нысаны

(аумақтық органның атауы)

**Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын
өтеп жатқан адамдарды есепке алу
Журналы**

20__ ж. " ___ " _____

басталды:

20__ ж. " ___ " _____

аяқталды:

Сақталу мерзімі _____

(ішкі мазмұны)

Тегі, аты, әкесінің аты	Қашан, қ а й	Сотталғанға с о т
----------------------------	-----------------	----------------------

Рет. №	Тұрғылықты жері	сотпен сотталды, қанша мерзімге	Үкімнің инспекцияға келіп түскен күні	ТМ-дан босатылған күні	Инспекцияға келген күні	үкімімен жүктелген міндеттері	Қашан, қай жұмысқа жіберілді	Есептен шығару күні мен негіздемесі	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау, қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары және шартты сотталған адамдарды бақылау жөніндегі Нұсқаулыққа 12-қосымша Нысаны

ХАБАРЛАМА

(с о т а т а у ы ,

оның орналасқан жері)

_____ сотының «__» _____ 20__ ж.
ҚР ҚК _____ бабы бойынша сотталған

_____ (тегі, аты-жөні және туған жылы)
